Ауа райы: ● Қызылорда +32 ● Жаңақорған, Шиелі +35 ● Тереңөзек, Жалағаш +32 ● Қармақшы, Байқоңыр +30 ● Қазалы, Арал +32

Сыр бойы

12 ШІЛДЕ СЕНБІ

2014 жыл
№99-100 (18793-18794)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ

www.syrboyi.kz

МЕМОРАНДУМ

САРАТС-2 ЖОБАСЫНА ҚАРЖЫ БӨЛІНЕДІ



Бейсенбіде облыс әкімшілігінің мәжіліс залында облыс әкімдігі мен Дүниежүзілік банкі арасында САРАТС-2 жобасына қажетті қаражатты бөлуге қатысты меморандумға қол қойылды. Жиында аталған банктің Орталық Азия бойынша өңірлік директоры Сародж Кумар Джа бұрынғы әріптестікті жалғастырып, аймақ халқының денсаулығы мен экологиялық ахуалын жақсартуға бағытталған бұл жобаға да қолдау білдіруге дайын екендіктерін жеткізді. Осылайша, аймақ халқы бірнеше жылдан бері сарыла күткен жобаның екінші кезеңіне қаржы бөлінетін болды.

Облыс әкімшілігінде өткен маңызды басқосуға Қоршаған орта және су ресурстары вице-министрі Ерлан Нысанбаев, Дүниежүзілік банкінің Орталық Азия бойынша өңірлік директоры Сародж Кумар Джа және Халықаралық қаржы корпорациясының Орталық Азия елдері бойынша өңірлік менеджері Моазам Ахмед Мекан, «Қазақстандық мемлекеттік-жеке серіктестік орталығы» АҚ басқарма төрағасы Азамат Ойнаров қатысты. «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» жобасының екінші кезеңін жүзеге асырудың алғышарттарын талқылауға арналған жиынды аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев ашып, мәртебелі меймандардың қадамына сәттілік тіледі.

Облыс әкімі Елбасының бастамасымен САРАТС жобасының I кезеңі қолға алынып, оның Дүниежүзілік банкінің қолдауымен жүзеге асқанын, маңызды жобаның II кезеңі де Мемлекет басшысының тікелей бақылауында тұрғанын атап өтті. Кіші Арал теңізінің дүниеге келуі аймағымыздың халықаралық қаржы ұйымдарымен әріптестік жағдайда жұмыс тәжірибесінің барын айғақтайтынына тоқталды.

– Жылдар бойы бүкіл әлем теңіздің тартылуына алаңдаса, қазіргі кезде Қазақстанның Арал теңізінің солтүстік бөлігін құтқару жобасын жүзеге асырғанын таңдана айтуда. Елбасымыздың бастамасымен жүзеге асқан бірегей жоба бүгінде «ғасыр жобасы» ретінде танылды, – деді облыс әкімі.

Оқырманның жадында болса, ел аузында Көкарал бөгеті деп аталып кеткен ұзындығы 13 шақырымды құрайтын Көкарал су тоспасының құрылысы 2006 жылы аяқталғанан кейін бір қыс көлемінде Арал теңізінің солтүстік бөлігі Балтық жүйесі бойынша әуелі 38 метрлік деңгейге жетті. Кейін су молая келе бұл 42 метрге көтерілді.

2-бет

● ҚАБЫЛДАУ

РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ БАС КОНСУЛЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Облыс әкімі Қ.Көшербаев Ресей федерациясының Алматыдағы бас консулы Алексей Деминді қабылдады.

Кездесу барысында бас консул өңірдің дамуына ерекше тоқталып, тарихымыз бен мәдениетімізден сыр шертетін өлкетану музейіне баратындығын жеткізді. Сондай-ақ, сол арқылы аймағымызбен толық танысатындығын да баса айтты.

– Қызылордаға бірінші рет келіп отырмын. Қазақстанның алғашқы астанасында болуым маған үлкен әсер қалдыруда. Мұнда қай салада болмасын даму, алға ілгерілеушілік бар екендігі көрініп тұр. Әсіресе, инфрақұрылым мен жеке секторлардың өркендеуі жолға қойылған. Облыс әкімімен жүздесу арқылы түрлі жобаларды жүзеге асыру жайын талқыладық. Консулдар осыған дейін екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынас орнату бағытында ғана жұмыс жасап келді. Енді әр елдің мәдениетімен, тарихымен, сонымен бірге, ерекшеліктерімен танысуды да көздеп отырмыз, – дейді Ресейдің Алматыдағы бас консулы А.Демин.

Жалпы, бұл кездесу аймақтар арасындағы әріптестікті одан әрі нығайтып, жандандыруға мүмкіндік бермек.

***

АЙТЫС АҚЫНЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев айтыскер ақын Мұхтар Ниязовты қабылдады.

Өнерімен халқын жырға бөлеп, отты тілімен уытты сөз айтып, елінің мұңын күйттеген ақын ұлын елі риясыз құрметтейді. Бүгінде қоғамның жаршысы болып, түрлі аламан бәйгеден топ жарған «Алтын домбыра» иесіне аймақ басшысы 3 бөлмелі пәтердің кілтін табыстады.

«Сырдың елі – жырдың елі» дегенде жыр дүлдүлдері Балқы Базар, Дүр Оңғар, Шораяқтың Омары, Тұрмағанбет, Кете Жүсіп, Нұртуған, Нартайларды айтпай кету мүмкін емес. Осы сүлейлердің жалғасы болған Мұхтар бүгінде ақын ғана емес, шәкірт тәрбиелеп жатқан ұстаз.

Айтыс – киелі өнер. Отты сөздер айтып, жырымен елінің қамқоршысы болу кез келген адамның қолынан келе бермейді. Сондықтан қай таптан шықсаң да, жұртты бөлмей, барлығына әділдікпен қарап, ақиқатын айтып, халқыңның қошеметіне бөленіп жүре беруіңе тілекшіміз. Осындай елім дейтін ұлды дүниеге әкелген ата-анаңа алғысымыз шексіз», – деді облыс әкімі.

Қолына домбыра ұстаған қазақтың қара баласы технологияның дамыған заманында рухани құндылықтарға мән беріп, қолдау көрсеткен аймақ басшысына, халқына, ел ағаларына деген ризашылығын өзінің арнауы арқылы білдірді.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

«АҚНИЕТ» АУЫЛ КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ ҚОЛДАУШЫСЫ

● КӨП ТЫНДЫРҒЫҢ КЕЛСЕ, КІШКЕНТАЙДАН БАСТА

Кеше Қызылорда қаласындағы «Номад» мейрамханасында «Ақниет» бағдарламасы бойынша үстіміздегі жылғы конкурс жүлдегерлеріне грант куәліктерін тапсыру салтанаты өтті. Аталмыш шара алдында бағдарлама бойынша быылтыр жеңімпаз болған кәсіпкерлер жасаған туындылардың көрмесі болды.

Бұл шараға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, «ЛУКОЙЛ Оверсиз Сервис Б.В.» компаниясының Қазақстан филиалының директоры Андрей Прокофьевич Кириллов, аталмыш бағдарлама жүзеге асып жатқан аудандардың әкімдері қатысты. «Ақниет» бағдарламасы қоғамдық-экономикалық мәні бар және ауылдың инфрақұрылымын дамытуға, тұрғындардың өміріне қажетті жағдайлар туғызуға, азаматтардың бастамасын жүзеге асыруға бағытталған.

– Бағдарлама бойынша жұмыстар өткен жылдан басталды, – деді облыс әкімі жұртшылық алдында. – Аз ғана уақытта ол тиімділігін дәлелдеп, оған жергілікті халықтың қызығушылығы артты. Соның нәтижесінде елдің ішінде өз ісін жүргізуге ниет жасаған тұрғындар саны көбейді. Алыс-жақындағы жұртқа аты белгілі компания осы бағыттағы ұсынысты қолдап, кәсіпкерлер қатарын көбейтуге өз үлесін қосып келеді. Осы орайда компания басшыларына ізгі лебізімізді білдіре кеткеніміз дұрыс. Өткен жылы облыстың әлеуметтік-экономикалық даму барысында оң өзгерістер қалыптасты. Құрылыс қарқынды жүріп, инвестиция тарту мәселесінде игілікті істер атқарылды. Салық көлемі де көбейді. Тағы бір қуанарлығы, облыс аудандарының ерекшелігіне сәйкес даму бағыттары айқындалып отыр. Мәселен, аймақтың оңтүстік өңірлерінде металлургия кластері кеңінен өріс алады деген үміт бар. Байқоңыр өңірінде ғарыш туризмін дамыта отырып, өзге де жобаларды жүзеге асыруды ойластырып отырмыз.

Облыс басшысы одан әрі аймақтың өрісін кеңейтуде көптеген іс-шаралар атқарылатынына тоқталды. Шығыс пен Батыстың арасын жалғаған күретамыр – «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізі облыс аумағындағы кәсіпкерлік саланы дамытуға оң септігін тигізетін болады. Сондай-ақ, ауылды қолдау арқылы жергілікті тұрғындардың жағдайын жақсартуға мүмкіндік туады.

Үстіміздегі жылғы «Ақниет» бағдарламасы аясында жарияланған өтініш конкурсына 6 номинация бойынша 1151 өтініш түсті. Олар «Қоғамдық кәсіпкер», «Жаңалық», «Қолөнер», мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін «Қамқор», ауыл жастары үшін «Бастама», көпбалалы немесе жағдайы төмен отбасының ата-аналары, жалғызбасты аналар үшін «Игілік» номинациясы бойынша қажетті қаржылар берілді. Жүлдегерлер саны 97 адамды құрайды. Олар жақын арада «ЛУКОЙЛ» компаниясынан тегін гранттарды алады.

Жобаларды жүзеге асыру нәтижесінде Қызылорда облысында 9 шаштараз, 12 тігін цехы, 5 наубайхана, 4 дәріхана, 4 фотосалон, 5 жиһаз цехы, 4 ТҚКО, 4 жаттықтыру залы, 3 балалар ойын-сауық алаңы, ағылшын оқу орталығы, компьютер орталығы, стоматология кабинеттері, балабақшалар және өзге де халыққа қажетті орындар ашылатын болды. Іс-шараға қатысушылар 2013 жылғы «Ақниет» бағдарламасы шегінде жүзеге асырылған жобалармен де танысты. «Ақниет» бағдарламасы шегінде жобалардың жүзеге асырылуы облыстың Жалағаш, Қармақшы және Сырдария аудандарында кіші бизнес өндірісін ашуға және дамытуға көмектеседі.

Ә.ҮМБЕТ.

САЛЫҚШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІ

Сәрсенбі күні салық органдарының қызметкерлері кәсіби мерекесін атап өтті. Қызылорда облысы салық департаментінде мерекеге орай өткізілген салтанатты жиынға облыс әкімінің орынбасары Наталья Годунова қатысты.

Облыс әкімінің орынбасары сала қызметкерлерін салық қызметінің 23 жылдық мерекесімен құттықтады. Ол екі он жылдықтан астам мезгілде қазыналық саясаттың о бастан сауатты қалыптастырылғанын, экономика мен уақыт талабына сай бірнеше рет дұрыс реформаланғанын атап өтті. Осы уақыт ішінде салықшылардан кәсіби командасы, бұл қызметтің қуатты материалдық-техникалық базасы қалыптасты. Бүгінде облыс басшылығы салық органдарының мемлекет қазынасын салық түсімдерімен молайтуына маңызды көңіл бөліп келеді. Облыстың салық салу базасын кеңейту және көлеңкелі экономиканың мәселелері бойынша бірнеше рет арнайы мәжіліс өткізілді. Соның нәтижесінде 2014 жылға арналған облыстық бюджеттің кіріс бөлігі жыл басымен салыстырғанда 19,6 млрд. теңгеге өсу жағына нақтыланып, 55,1 млрд. теңгелік межеге жетіп отыр.

Н.Годунова мұнан кейін салада үздік қызметімен көзге түсіп жүрген бір топ қызметкерлерге облыс әкімінің Алғыс хатын табыстады. Ал Қызылорда қалалық салық басқармасының бастығы Серік Мұстафаев облыстың Құрмет грамотасымен марапатталды. Облыс әкімінің орынбасары департамент ұжымын тағы да мерекесімен құттықтап, оларға табыс тіледі.

Қызылорда облысы бойынша салық департаментінің директоры Әлібек Тілегенов өз сөзінде соңғы он жылда облыстағы салықтық алымдар 11 есеге өскендігін келтірді. Егер 2003 жылы шоғырландырма бюджетіне 51,9 млрд. теңге түскен болса, 2013 жылы бұл көрсеткіш 596,5 млрд. теңгеге жетті. Он жыл бұрын бір оперативтік қызметкерге шаққанда орташа төлемдер түсімі 171,3 млн. теңге болса, 2013 жылы 1,7 млрд. теңгені құрады. Департамент басшысы салық мәдениеті көрсеткіші өсіп отырғанын да атап өтті. Қазіргі уақытта облыс салық төлеушілерінің 90 пайызы, арнаулы бағдарлама бойынша жұмыс орнынан шықпай, салықтық есептіліктерін тапсыруға қол жеткізіп отыр. Департамент басшысы ұжым қызметкерлерін, сала ардагерлерін кәсіби мерекесімен құттықтап, жақсылықтар тіледі. Ол сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының салық саясатын ақпараттандыруға қосып отырған үлесін атап өтіп, ақпарат құралдарының бір топ өкіліне Алғыс хатын табыс етті.

Салтанатты жиында, сонымен қатар, соңғы уақытта салық қызметіне енгізіле бастаған жаңа әдістер мен тың технологиялар таныстырылды.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

Валюта бағамдары: ● USD 183.52 ● EUR 250.23 ● RUR 5.40 ● CNY 29.59

БРИФИНГ

СОЛ ЖАҒАЛАУДЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ
ШЫҒЫСТЫҚ СӘУЛЕТІМЕН ЕРЕКШЕЛЕНБЕК

Биылғы жылы қаланың бекітілген бас жоспарына сәйкес Сырдария өзенінің сол жағалауын игеру жұмыстары басталды. Келер жылдан бастап бұл аумақта негізгі деген құрылыс нысандары бой көтере бастайды. Бұл жөнінде Шығармашылық үйінің облыстық коммуникациялар орталығында журналистермен жүздескен облыстық сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Сейілхан Тойбазаров айтып берді.

Сейілхан Сыдықұлы облыста қала құрылысын дамытудың өңірлік бағдарламасы қабылданып, бірқатар шаралардың жүзеге асырылғанын атап өтті. Біздің облыс республика бойынша бірінші болып барлық елді мекендердің бас жоспарлары мен даму сызбаларын әзірлеп, қолданысқа енгізуге қол жеткізді. Осы мақсатқа облыстық бюджеттен 400 млн. теңге қаржы бөлінді. Негізі сәулет және қала құрылысы саласы кез келген мемлекеттің алға дамудағы қозғаушы күші, жетекші саласы болып есептеледі. Осы жайтты ескерген облыс әкімі бұл салаға көп қолдау көрсетіп келеді. Енді алдағы уақытта қандай елді мекенде болмасын салынатын нысандар жобасында ұлттық және шығыс архитектурасын кеңінен қолдану үрдіске енгізіледі.

Жалпы соңғы үш жылда облыс орталығында аумағы 1909 гектарды құрайтын түбегейлі жоспарлау жобалары әзірленіп, бекітілді. Соның ішінде "Астана" ауданы мен бір Сұлтан Бейбарыс көшесінің бойынан бірнеше нысандар бой көтерді. Енді осы көше мен аспалы көпір маңынан 329 гектар жерге көлік-логистикалық орталық пен ірі сауда орындары, ойын-сауық және сауда, көлікке қызмет көрсету орталықтары бар ірі кешендер салынатын болады. Сонымен қатар "Қызылорда-Жезқазған" трассасы бойындағы 980 гектар аумақтың түбегейлі жоспарлау жобасына орай жеке тұрғын үй құрылысын дамыту да қарастырылған. Қазір бұл аумақта инфрақұрылымды

дамыту бағытындағы жұмыстар жоспарлануда. Сөйтіп, бұл жерден алғаш кезекте әлеуметтік нысандар салуға ерекше көңіл бөлініп отыр.

Сонымен қатар өңірімізде туризм саласын дамыту мақсатында Арал ауданында жалпы аумағы 150 гектар "Қамыстыбас" демалыс аймағының түбегейлі жоспарлау жобасы әзірленіп, бекітілді. Қазір бұл аймақтың сыртқы инфрақұрылымдары жүргізілуде. Сондай-ақ, қазіргі күні "Саутс Ойл" ЖШС 100 орындық пансионат-профилакторийдің негізгі құрылысын аяқтап, нысанды жақын күндері пайдалануға беру мақсатындағы жұмыстарды жүргізуде. Осындай ірі жобалардың бірі "Қорқыт ата" мемориалдық кешенін қайта жаңғыртудан өткізу жұмыстарын биылғы жылдың қыркүйек айында аяқтау жоспарланып отыр.

Қызылорда қаласының соңғы уақыттары сәулеттік келбеті айтарлықтай өзгергені көпшіліктің көз алдында. Соның бастысы, аз ғана уақыт ішінде бірқатар әлеуметтік нысандар салынып, жүзден астам көше жөнделді. Сөйтіп қала көркейе түсті. Алдағы уақытта бұл жұмыс жалғасын тауып, көпқабатты үйлердің қасбеттеріне жаңғырту жұмыстары жүргізіледі. "Сыр Ана" кешенінің аумағы абаттандырылып, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті атындағы паркте Рәміздер алаңы ашылады. Сондай-ақ, өзеннің оң жағалауын абаттандыру мен "Мұнайшы" шағын мөлтек ауданы да бой көтеретін болады. Облыстың бас қаласы – Қызылорда қаласына кіреберісіндегі төрт бағытына "Қызылорда қаласы" деген белгілер қойылады. Бұл қақпалар ұлттық нақышта әзірленіп, қаламыздың көркіне көрік қосып, сәулеттік келбетін жақсарта түсері анық.

Биылғы жылдың басты жаңалығы, ол қаланың бекітілген бас жоспарына сәйкес Сырдария өзенінің сол жағалауын игеру жұмыстары басталды. Бұл аумақта игерілетін жер 1532 гектарды құрайды. Жалпы биылғы жылға бөлінген 107 млн. теңге қаржыға аталған аумақтық түбегейлі жоспарлау жобасы әзірленуде. Басқарма басшысы атап өткендей, дария үстіне салынатын үш көпірдің бірі, яғни Мұратбаев көшесіндегі құрылыс басталып кетті. Көпірдің жалпы сметалық құны – 5,9 млрд. теңге. Ол екі жыл шамасында салынып бітеді деп күтілуде. Дарияның сол жағалауын дамыту тікелей осы көпірге байланысты. Негізі бұл аумақтағы құрылыс нысандары келер жылдан бастап салына бастайды. Кезең-кезеңмен салынатын қаланың бұл аумақтағы келбетіне ұлттық нақыш беру және өңірдің өзіндік сәулет өнерін ескеруге ерекше көңіл бөлінеді. Сөйтіп, сол жағалаудан жаңа шығыстық қала бой көтеретін болады.

Сонымен бірге 2014-2016 жылдарға арналған Байқоңыр қаласы мен Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспарына сәйкес, облыстық бюджеттен 119 млн. теңге қаржы бөлінді. Бүгінде осы Байқоңыр қаласы мен Төретам кентінің бас жоспарлары әзірлену үстінде. Сондай-ақ, "Батыс Еуропа-Батыс Қытай" халықаралық автокөлік дәлізінің бойында салынуы жоспарланған жол бойы кешендерінің эскиздік жобалары да әзірленіп, олар сәулет-қала құрылысы кеңесінде қолдауға ие болды.

Басқарма мамандары 2010-2011 жылдары Қызылорда қаласында мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құрып, қаланың электрондық картасын әзірледі. Бұл карта толыққанды ақпаратпен қамтамасыз етілген. Әрі қазіргі заман талабына сай алғашқы жасалған озық үлгідегі карта болып табылады. Енді биыл бұл жұмыс та жалғасын тауып, алдымен Арал, Қазалы, ал келер жылдан бастап қалған бес ауданда автоматтандырылған ақпараттық жүйені құру жұмыстарын аяқтау да жоспарланып отыр.

Айғали ҚАРАБАЛАЕВ.

САРАТС-2 ЖОБАСЫНА ҚАРЖЫ БӨЛІНЕДІ

Осы игілікті істің нәтижесінде облыстағы көлдер жүйесі суға толып, аймақтың флорасы мен фаунасы қайта жанданды.Бір кездері теңіз аттас шаһардан 74 шақырымға алыстап кеткен теңіз айдыны қазір аудан орталығына 53 шақырымға жақындады. Ал, ең бастысы, өңірдегі атакәсіп – балық шаруашылығы қайта дамып, теңіз жағасындағы қалың жұрттың Кіші Аралдың болашағына деген сенімі артты. Ата қоныстың тастап сыртқа көшіп кеткен байырғы балықшылардың бүгінгі ұрпағы қасиетті теңізге қайта оралды. Себебі, бұл кезде жобаның бірінші кезеңі аяқталып, өңірде 5 бірдей балық зауыты салынып, тұрақты жұмыс орындары ашылып жатқан еді.

Алғашында теңізден жылына 400 тонна балық ауланып келсе, қазіргі кезде оның көлемі 4500 тоннаға жетті. 1990 жылдардың басында камбаладан басқа «су маржаны» қалмаған теңізде балық түрлері көбейіп, жоғалып кеткен балықтар қайта көрініс тапты. Бүгінде мұнда «су маржанының» 20-дан астам түрі ауланып, жергілікті жердегі балық өңдеу зауыттарына жіберілуде.

Эколог мамандардың айтуынша, Солтүстік Арал теңізі суының тұзденуы бұрынғысынан әлдеқайда төмендеген. Теңіз айдыны ұлғайып, ондағы су көлемі 15 текше шақырымнан 27 текше шақырымға дейін жетті. Ал, Сырдария өзенінің қыста су өткізу қабілеті 650-700 текше метрге дейін көтерілді. Сонымен қатар, Қараөзек арнасының су өткізу қабілеті 60-тан 400 м³/секундқа дейін жоғарылады.

І-бет

Қоршаған орта және су ресурстары вице-министрі Ерлан Нысанбаев САРАТС-1 жобасының осылайша сәтімен жүзеге асқанын жеткізді. Осы жобаның жалғасы болып табылатын екіші кезеңді жүзеге асыру Арал өңірі тұрғындарының денсаулығы мен экологиялық ахуалын онан әрі жақсартуға бағытталып отырғанына тоқталды. Мұнан соң вице-министр Дүниежүзілік банкімен келісім жасалғанын, енді 2015-2020 жылдар аралығында, яғни алдағы 5 жыл ішінде жүзеге асырылатын бұл жобаға аталған банк тарапынан 22,2 миллиард теңге қаражат бөлінетінін мәлімдеді.

Ол облыс үшін өмірлік маңызы бар жобаның екінші кезеңін жүзеге асыру Арал өңірінің қоршаған орта жағдайын және әлеуметтік-экономикалық дамуын жақсартуға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Өз кезегінде Дүниежүзілік банктің Орта Азия елдері бойынша өңірлік директоры Сародж Кумар Джа аталған банктің су ресурстарын басқаруға айрықша мән беретінін, бұл жобаны қаржыландыру Қызылорда облысының халқы үшін аса маңызды болып табылатынын жеткізді.

Келесі сәтте вице-министр Е. Нысанбаев пен Дүниежүзілік банкінің Орталық Азия бойынша өңірлік директоры Сародж Кумар Джа САРАТС жобасының екінші кезеңін қаржыландыруға қатысты құжатқа қол қойды. Жобаны қаржыландыруға банктің дайын екендігін жеткізген мәртебелі мейман тараптар жұмысына табыс тіледі.

Енді ғасыр жобасының екінші кезеңін жүзеге асыруға қатысты барлық құжаттар жыл соңына дейін әзірленетін болады. Ал құрылыс жұмыстары келер жылы басталады деп күтілуде.

Осы басқосуда тағы бір маңызды келісім-шарт жасалды. Халықаралық қаржы корпорациясы мен облыс әкімшілігі және «Қазақстандық мемлекеттік-жеке серіктестік орталығы» АҚ басқарма төрағасы әріптестік туралы меморандумға қол қойды. Бұл корпорация орташа дамыған елдерге жеке инвестиция салымын ұлғайтуға жұмыс жасайды, сондай-ақ, халықтың өмір сүру жағдайын жақсартуға бағытталған жобаларды қаржыландырып отыратын қаржы институты. Осы корпорацияның Орталық Азиядағы өңірлік менеджері Моазам Ахмед Мекан аталған қаржы корпорациясы Қызылорда облысы әкімдігімен бірлесіп, білім, денсаулық саласы бойынша әлеуметтік маңызды жобаларды жүзеге асыруға дайын екендігін жеткізді.

Кездесуде «Қазақстандық мемлекеттік-жеке серіктестік орталығы» АҚ басқарма төрағасы Азамат Ойнаров мемлекеттік-жеке серіктестік институттары өңір экономикасын дамыту бойынша серіктестіктің маңыздылығын арттыратынын атап өтті.

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ,
Бағдат ЕСЖАНОВ. (сурет).

ДЕРЕКТЕР – ӨМІР АЙНАСЫ

Жуырда облыстық статистика департаментінің мәжіліс залында "Респонденттердің және әкімшілік дереккөздердің мүдделерін қозғайтын мемлекеттік статистика мәселелері" тақырыбында семинар болып өтті.

Оған мемлекеттік мекеме басшылары мен ауылдық округ әкімдері, шағын және орта кәсіпорын қызметкерлері қатысты.

Жиынды облыстық статистика департаменті басшысының орынбасары М. Байекеева ашып, шараның маңыздылығына тоқталып өтті.

Одан әрі Сыр еліне арнайы келген ҚР Статистика агенттігінің заң департаментінің бас сарапшысы Құралай Нұрсейітова сөз алып, Үкіметтің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы №1540 қаулысымен бекітілген агенттіктің 2014-2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспарының орындалуы тұрғысында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Осы мақсатта арнайы дайындалған жоба көпшілік назарына ұсынды. Онда ең бастысы, ақпараттың нақтылығы мен сапасына мән бере отырып, күпия сақталатын дереккөздерді қандай жағдайда пайдалана алатынын түсіндіріп өтті. Егер жалған ақпарат таратылған жағдайда арнайы әкімшілік шара қолданылады екен.

Мәселен, облыстық статистика департаментінің электронды сайтына белгілі бір мекеме тарапынан сауал жолданса, оған бір күннің ішінде жауап қайтарылатынын жеткізді. Алдағы уақытта сала мамандарын сайтпен жұмыс жасауға шақырды.

Шара соңында қатысушылар бас сарапшыға тиісті сауалдарын қойып оған тұшымды жауап алды.

Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

"МӨЛДІР БҰЛАҚ"
теміржолдың жобасы

Жуырда «Қазақстан теміржолы» ҰК АҚ-ның «Мөлдір бұлақ» бағдарламасының аймақта орындалу барысымен танысуға "Теміржолсу" АҚ мамандары келді. Теміржол бекеттеріндегі тұрғындарды таза ауыз сумен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстармен танысу мақсатында келген қонақтарды «Қызылорда Теміржолсу» ЖШС өкілдері қала аумағындағы бірнеше нысан жұмыстарымен таныстырды. Таза ауыз сумен қамтамасыз ету жүйесінің, су қысымы мұнарасының, басқа да су тазалау құрылғыларының жағдайын көзбен көріп, көңілге түйген "Теміржолсу" АҚ президенті Қ.Есімханов су сапасы мен тазалығына ризалығын білдірді.

Сұрауы бар судың аймақтардағы сапасы қандай? Разъездстансалардағы су бекеттері қаншалықты жаңартылып жатыр? Міне, осы мақсатпен «Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ басшылығы жүзеге асырып жатқан «Мөлдір бұлақ» бағдарламасы қаншалықты өміршең, ауызсу сапасы қандай дәрежеде екендігін білу тұрғысында құрылған арнайы тексеру тобы Қызылорда облысына қарасты теміржол тармағы бойында орналасқан бекеттерде болып қайтты.

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ 2012-2016 жылдарға арналған «Мөлдір бұлақ» бағдарламасын қолға алған еді. Осы бағдарлама аясында ұлттық компанияға еншілес барлық стансалар мен разъездерді қажетті мөлшерде сапалы сумен қамтамасыз ету керек болатын. Бүгінгі таңда «Мөлдір бұлақ» бағдарламасы бойынша жоспарланған инвестициялық жобалар жүз пайызға орындалған. Осы ауқымды жобаны атқаруды өз мойындарына алған «Теміржолсу» АҚ екі жыл көлемінде 238 теміржол стансалары мен разъездердегі 314 нысанды сапалы сумен қамтамасыз етіп қана қоймай, кәріз жүйелерін қайта жаңартып, толық күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізген. Су сапасын қадағалаушы мекеме қызметкерлері әр су тұнбасын ай сайын тексеріп тұрады.

– Біздің бүгінгі рейдке шыққандағы мақсатымыз аймақтағы «Мөлдір бұлақ» бағдарламасының атқарылған жұмыстарына сараптама жасап, көзбен көру болатын. Тексеру шарасы жылына екі облысты қамтиды. Биыл ол Қызылорда өңірі мен Ақтөбе облысында жалғасын тапты. Бағдарлама аясында көп жұмыстар атқарылды. 2015 жылы КТЖ-ның балансындағы барлық стансаларға ауыз су жеткізуді аяқтауды межелеп отырмыз. Бағдарлама аясында бірқатар шаралар жасалған. Әсіресе, таза судың талапқа сай сапалы болғаны басты назар аудартты. Біз жылына бір рет жоспар бойынша барлық стансадағы судың сапасын тексеріп, қадағалау жұмыстарын жүргіземіз. Егер, ауызсу санитарлық талапқа сай болмаса, бір адам емес, барлық ауыл тұрғындары ауырып қалуы мүмкін. Сондықтан ауыз судың сапасына қояр талап өте жоғары болмақ, – дейді "Теміржолсу" АҚ президенті Қуат Есімханов.

«Теміржолсу» АҚ президенті Қуат Есімханов «Теміржолсу-Қызылорда» ЖШС-ның ұжымымен кеңейтілген семинар жиын өткізіп, атқарылған жұмыстарға баға беріп, алдағы таңда жасалатын шараларға тоқталды.

Бүгінде тұтынып жүрген су мұнараларының бірнешеуі 1904-1905 жылдары салынған. Солардың ішкі құрылғылары да толық жаңартылуда. Тағы бір айта кетерлігі, осы «Мөлдір бұлақ» бағдарламасы бойынша су шаруашылығындағы техникалық, яғни трактор, машина парктері де толық жаңартылып жатыр.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

ЖАНСАРАЙ

АЛАШТЫҢ АНАСЫ МЕН АСТАНАСЫ

Терең тарихтан тағылым шертетін шежіре мен аңызға толы қасиетті Сыр өңірі бүгінде өркені өскен өлкеге айналды. Қойны қазынаға толы бұл ел талантты перзенттерге кенде болған емес. Талай батырлар мен шешендер, дүлдүл ақындар мен әншілер, жыраулар мен күйшілер, сан түрлі өнер иелері мен қоғам қайраткерлері шыққан бұл өлке ежелден Жердің кіндігі саналады. Туристік әлеуеті жоғары болуы себепті әлемдегі ең ірі ғарыш айлағы "ЭКСПО-2017" халықаралық көрмесіне көрсетілетін нысандардың қатарына енуі біз үшін зор қуаныш. Күннен күнге көркейіп келе жатқан Қызылорда облысы бүгінде ынтымақ пен бірлігі жарасқан, татулықтың туын көтерген еңбекқор халықтың, ізгілік пен жақсылықтың жаршысына айналды.

Осы қасиетті алтын бесік-туған жердегі Жалағаш ауданы, Коммунизм кеңшары маған өте ыстық, жаныма тым жақын. Нақ осы жер мені еліммен, оның өткен тарихымен және болашағыммен байланыстырады. Ертеректе әжелеріміздің «80-ші жылдарға жетсек, коммунизмге жетеміз... қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған кезең болады» деп айтқан сабырлы сөздері әлі күнге құлағымызда.

Менің балалық шағым сол бұрынғы Коммунизм, бүгінгі М.Шәменов атындағы ауылында өтті. Ерке Сырдың суына шомылып, туған жердің топырағына аунап өстік. Мектеп қабырғасынан армандаған мамандық иесі болып, саясатқа араласып, елдің әлеуетін көтеретін мемлекеттік қызметкер болу бақытына да ие болдық. Қызмет бабымен біраз жердің суын ішіп, ауасын жұттым. Қайда жүрсем де, туған ауылымды, өлкемді әсте естен шығарып көрмеппін. Еңбек демалысымда шетелдерде дем алуға емес, туған ауылымның таза ауасын жұтуға, онда тұратын әке-шешемді, бауырларымды көруге асығамын. Бүгіндері жасым қырықтың қырқасынан асты. Алайда туған жерге деген сағынышым күшеймесе, бәсеңдеген жоқ. Сол туған жерден ата-анамның батасын алып, қасиетті киелі жерде жатқан Қожа-Ахмет Яссауи, Қорқыт бабалардың басында болып тәу етіп, елордамыз Астанаға көшіп келгеніме, міне, тура 13 жыл болыпты...

Әрдайым ұлы істердің басында жүретін ел Президенті астананы ауыстыру жөнінде мәселе көтергенде, Астана идеядан ақиқатқа айналғанда елмен бірге мен де алғашқы астана – Қызылордадан бас Астанаға 2002 жылы отбасыммен қоныс тептім.

Достық пейіл-татулықтың тірегі,
Біздің халық бейбіт өмір сүреді.
Бар әлемді бір өзіне қаратқан,

Елордамыз – Еуразия жүрегі, – деп ақындар жырлағандай, Отанымыздың жүрегі, ел тәуелсіздігінің тірегі, жеріміздің кіндігі, еліміздің түндігі, халқымыздың бірлігі Астана – бүгінде Қазақстанның жаңа бейнесі, жарқын келбеті төрткүл әлемдегі астаналардың ішіндегі ең жас, ең әсем қала.

Астана! Ол – жай қала ғана емес, Елорда. Кеше ғана азаттығын алып, буыны енді қатайып келе жатқан Қазақ мемлекетінің астанасы. Астана қазіргі күні айрықша сәулетімен көздің жауын алады. Қарап тұрып сүйсінесің, сүйсініп тұрып, шүкіршілік етесің. Астана – бұл қазақтың, мерейі, мәртебесі. «Мерейіміз таси бергей, Астанамыз ажарына ажар қосып, сұлулығынан танбағай» деген шынайы тілек тұла бойды кернейді.

Нақты кезеңде Астана дүниежүзіне мәлім. Мұнда әлемнің талай мемлекеттерінің серкелері бас қосып, пікір алмасып, маңызды шешімдер қабылдап жүр. Астана – ел мақтанышы. Мұнда қызмет ету де, білім алу да – бақыт. Астанаға қоныс аударып, қызмет етушілердің бірі ретінде мен мұны жақсы түсінемін. Туған жерден жырақ кеткенде өзге жерден бақыт тауып, өмірден өз орныңды белгілеп бекітсем деген үкілі үміттің жетегінде жүресің ғой. Сол үмітпен мен де отбасыммен Астанаға қоныс аудардым. Алғашында «Қалай болар екен, бөтен жер, бөтен орта» деген ойдың болғаны рас. Бірақ уақытқа бағынбайтын пенде жоқ екен. Қазір Астанаға алғаш келген жылдардағы көрген қиыншылықтарымыз ұмытылған. Тіпті ару Астанаға бауыр басып кеттік. Осында келген соң өмірге келген балаларым астаналық болып кетті. Қаланың қайнаған өмір-тіршілігіне біз де бойымызды үйретіп, қызметке бел шеше кірісіп кеттік. Республиканың түкпір-түкпірінен келген жандар бір-бірімен тіл табысып, етене жақын болып кетті. Мен де Астанадан жаныма жақын достар таптым. Бұған қарап, туған жерді ұмытып кетті деген ой туындамауы керек. Өйткені туған жерге деген құрмет, оған деген сағыныш әр адамның жүрек түкпірінде сақталатын асыл қазынасы. Ол қашанда саған ерекше қуат беріп, жігерлендіріп тұрады.

Астана – жаңа қала, жаңа шаһар. Ол келешекте бүгінгіден де құлпырып, көркейе беретіндігіне сенемін. XXI ғасырдың көркем сәулетті қаласы – Астана арман емес, ақиқатқа айналған, қиял емес, азғана уақыт аралығында қолымыз жеткен шынайы тарихи жетістік.

Сөз соңында баршаны құшағына сыйдырған, Сарыарқаға сән берген бас қала – Астана әлі де биік белестерді бағындырып, озық сәулетімен күллі әлемді таңғалдыра береді дегім келеді. Сұлу Сырда туып, әсем Арқа төсінде еңбек етіп жатқан мен үшін бұл мерекенің мәні өте зор.

Талғат МУСАЕВ,
ҚР Мәдениет қайраткері,
әлеуметтанушы.
Астана қаласы.

ЖЕДЕЛ ІШЕК ИНФЕКЦИЯСЫНАН САҚ БОЛАЙЫҚ

Міне, қырық күн шілде де келді. Мұндай ыстық кезде бала денсаулығына мұқият болуымыз қажет. Себебі, күн ысыған сайын адам шөлдегіш келеді. Сонымен бірге жеміс-жидектерді жумай жегеннің кесірінен балалар жедел ішек инфекциясына шалдығып жатады. Жедел ішек инфекциялары ас қорыту жолдарын зақымдайтын, диареямен (іш өту) ағзаның уыттануымен және сузызданумен сипатталатын әр түрлі жұқпалы аурулар тобы. ЖИИ–жиынтық ұғым. Бұған вирусты жедел ішек инфекциясы және бактерияның уытының ішек инфекциясы жатады. Соңғысында іш өту уытталғаннан болады. Ағзада ол кезде бактерия болмауы да мүмкін, яғни бактерияның қалдығы бар өнімді жеудің өзі ішек инфекциясын тудырады. Дегенмен, барлық ішек инфекциясының әртүрлі себептеріне қарамастан, ортақ белгілері бар. Олар дене қызуының көтерілуі, жүректің айнуы және іш өту.

Өз кезегінде іш өту ағзаның сусызданауына әкеліп соғады. Ал сусыздану кезінде ағзадағы судың үлкен құрамы және минераль жоғалады. Нәрестелер үшін сусыздану өте қауіпті, тіпті, оның соңы өлімге алып келуі мүмкін.

Жедел ішек инфекцияларын болдырмау үшін, ең бастысы, ас ішер алдында қолдарыңызды сабындап жуыңыз, таза және қайнатылған су ішіңіз, дайындалған тағамдарды ашық қалдырмаңыз, үйдегі қоқысты уақытылы шығарыңыз.

Егер балаңыздың дене қызуы көтерілгенін байқасаңыз, тез арада аймақтық емханадан дәрігер шақырып қаратыңыз. Қазіргі таңда барлық емханаларда уақытша ауызбен суландыру бекеттері жұмыс істеп тұр.

Ахметжан АМАНОВ,
Қызылорда қалалық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасының бас маманы.

ЕҢБЕК НАРЫҒЫ

ӨЗ БЕТІНШЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛҒАНДАРҒА
тұрақты зерттеу жүргізіледі

Қазіргі уақытта көптеген елдерде халықтың жұмыспен қамтылуы және жұмыссыздық жайында деректерді қалыптастыру барысында сауалнама жүргізіліп, экономикалық қызметті жұмыспен қамтылуын өлшеп көруге, жұмыссыздарды және экономикалық белсенді емес тұлғаларды Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ) еңбек нарығының іріктемелі зерттеу әдісін қолданады.

Қызылорда облысында халықтың жұмыспен қамтылуын зерттеу 2001 жылдан бастап тоқсан сайын жүргізіліп, 15 жас және одан жоғары жастағы 7,54 мың адам зерттеледі. Бұл зерттеумен облыстың барлық аудандары қамтылған.

Еңбек нарығының негізгі индикаторларын өз бетінше жұмыспен қамтылғандар мен жұмыссыздар санын қоса алғанда агенттікпен қолданылатын есепке алу әдіснамасы ХЕҰ әзірлеген «KILM индикаторлар жүйесін қолдану бойынша басшылық» халықаралық

стандарттарына сәйкескестендірілген. Нақты тұлғаларды жұмыспен қамтылғандар немесе жұмыссыздар қатарына жатқызу бойынша ХЕҰ әдістемесі көптеген елдердің статистикалық тәжірибесінде қолданылады. Яғни ол халықаралық салыстырмалы деңгейде еңбек нарығының көрсеткіштерін алуға мүмкіндік береді.

Халықтың пікірін жинау сұрақтардың жүйелік логикалық принципіне негізделген халықтың жұмыспен қамтылуын іріктеп зерттеу сауалнамасы негізінде жүргізіледі. Респонденттердің жауаптарынан экономикалық тұрғыдан белсенділігі бойынша жұмыспен қамтылғандарға (жалдамалы және өз бетінше жұмыспен қамтылу бойынша), жұмыссыздарға және экономикалық тұрғыдан енжар халық болып жіктеледі. Ол халықтың экономикалық сипаттамасы және жұмыспен қамтылу мәртебесінің халықаралық жіктемесі бойынша БҰҰ негізгі принциптеріне және ұсынымдарына сәйкес келеді.

Жұмыспен қамтылу мәртебесінің халықаралық жіктемесіне (ICSE-1993) сәйкес жұмыспен қамтылғандар жалдамалы (ақы төленетін) қызметкерлерге және өз бетінше жұмыспен қамтылғандарға жіктеледі.

Жалдамалы (ақы төленетін) қызметкерлерге ақы төлеуді сыйақы түрінде (жалақы) көздейтін жалдау шарты бойынша (жазбаша немесе ауызша) жұмыс істейтін қызметкерлер жатқызылады. Өз бетінше жұмыспен қамтылғандар- жалдау бойынша жұмыспен қамтылмағандар.

Өз бетінше жұмыспен қамтылғандарды келесі топтарға бөлуге болады: жұмыс берушілер, өз бетінше жұмыс істейтін қызметкерлер, отбасылы кәсіпорындарының ақы төленбейтін қызметкерлері, кооператив мүшелері.

Жұмыс берушілерге қандай да бір экономикалық қызметтің түрінде кәсіпкерлік қызметпен айналысатын және тұрақты негізде бір немесе одан да көп қызметкерлердің жалдамалы еңбегін қолданатын тұлғалар жатқызылады. Өз бетінше жұмыс істейтін қызметкерлер – ол экономикалық қызметтің қандай да бір түрін жүзеге асыратын және қызметкерлерді тұрақты негізде жалдамайтын тұлғалар.Отбасылы кәсіпорындарының ақы төленбейтін қызметкерлері – бұл табысты ішкі отбасылық негізде бөлу негізінде өзінің сыйақысын жалақы түрінде алатын отбасылық кәсіпорынның қызметкерлері. Кооператив мүшелеріне кәсіпкерлік қызметпен айналысатын еңбек кооперативінің мүшесі болып табылатын тұлғалар жатқызылады.

Қызылорда облысында 2014 жылғы бірінші тоқсанда халықтың жұмыспен қамтылуын іріктеп зерттеу сауалнамасының қорытындысы негізінде өз бетінше жұмыспен қамтылған халықтың саны 108 мың адамды құрады (жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 32,3%). Соның ішінде жұмыс берушілер – 2,8 мың адам, өз бетінше жұмыс істейтін қызметкерлер –103,1 мың адам, отбасы кәсіпорнының көмекші қызметкерлері – 1,8 мың адам, кооператив мүшелері – 259 адам.

«Өз бетінше жұмыспен қамтылған халық» санатындағы негізгі үлесті «өз бетінше жұмыс істейтін қызметкерлер» (95,5%) құрайды. Ол өз бетінше немесе бір, немесе бірнеше серіктестіктермен жұмыс істеп, өз бетінше жұмыспен қамтылу негізінде қызметпен айналысатын және тұрақты негізде негізгі қызметкерлерді жалдамайтын тұлғалар. Өз бетінше жұмыспен қамтылған қызметкерлердің ішінде (103,1 мың адам) 87,2 пайызы жеке негізде жұмыс атқарады, 12,8 пайызы жеке үй іргесінде өнім өндірумен қамтылғандар (өз тұтынуы үшін, сонымен қатар сату үшін).

Өз бетінше жұмыспен қамтылғандардың көп бөлігі өз бетінше қызметін ауыл шаруашылығында – 19 мың адам (17,6%), бөлшек саудада – 41,1 мың адам (38,0%) және көлік және қоймаларда 16,3 мың адам (15,1%) қызметін жүзеге асырады.

Халықтың жұмыспен қамтылуын зерттеудің нәтижесі бойынша орташа алғанда өз бетінше жұмыспен қамтылған бір қызметкер аптасына 38 сағат (2013 жылы - 40 сағат) жұмыс істейтінін көрсетеді.

Өткен жылы Елбасының «Қазақстанды әлеуметтік жаңғыру: Жалпы Еңбек қоғамына қарай жиырма қадам» мақаласы барысында Үкімет алдына қойған тапсырмасына сәйкес ҚР Статистика агенттігі Халықты әлеуметтік қорғау және еңбек министрлігі, ЭБЖМ, ӨДМ және АШМ бірлесіп Қазақстан Республикасындағы өз бетінше жұмыспен қамтылғандар санын, олардың орташа айлық табыстарының деңгейін және жұмыссыз халықтың санын анықтау жаңа әдістемесін бекітті. Әдістеменің негізгі мақсаты болып нәтижелі жұмыспен қамтуға тарту үшін тұлғалар санатын анықтауға мүмкіндік беретін, сонымен қатар Жұмыспен қамту жол картасы - 2020 механизмі арқылы, сондай-ақ оларды формализациялау бойынша ісшараларды жүзеге асыру және зейнетақы жүйесімен қамту және әлеуметтік сақтандыру үшін өз бетінше жұмыспен қамтылған халықтың құрылымын қалыптастыру болып табылады.

Жаңа әдістемеге сәйкес Қазақстанда барлық өз бетінше жұмыспен қамтылған тұлғалар жұмыспен нәтижелі және нәтижесіз қамтылғандар болып екі топқа бөлінеді. Топқа бөлу кезінде негізгі критерий тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді өндіруден алынатын орташа айлық табыстар деңгейі болып табылады. Ал Қазақстанның әр өңірінде оның қалыптасқан ең төменгі күнкөріс мөлшерімен ара қатынасы белгіленген.

Бақыт САПАР,
облыстық статистика департаментінің басшысы.



Берекет ҚӘРІБАЕВ,
ҚР ҰҒА корр.- мүшесі,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, тарих ғылымдарының докторы

СЫР ӨҢІРІНІҢ ЭТНОГРАФИЯСЫ ТУРАЛЫ ЖАҢА ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕК

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Қазақ университеті» баспасы Археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры міндетін атқарушы, тарих ғылымдарының кандидаты Тәттіғүл Ерсайынқызы Картаеваның «Сыр өңірі қазақтары: тарихи-этнографиялық зерттеу (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы)» атты 2 томдық монографиясын ғылыми айналымға ендірді.

Монография авторы Т.Е.Картаева тарих ғылымының этнология, мұражайтану салалары бойынша елімізге белгілі мамандардың бірі болып табылады. Және де оның кіндік қаны тамған жері – осы Сыр өңірі. 1990 жылы Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының тарих және француз тілі мамандығын үздік дипломмен бітіріп, жас маман ретінде қалдырылады да, оқытушы болып бірнеше жыл жұмыс істейді.

1994-1999 жж . — Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының аспирантурасында оқып, 07.00.07 – этнография, этнология және антропология мамандығы бойынша «Туркестанские ведомости» газетінің (1870-1917 жж.) қазақтарға қатысты тарихи-этнографиялық деректілігі» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды. Бүгінгі күні Т.Е.Картаева әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті тарих, археология және этнология факультетінің доценті қызметін атқарып жүр. Ол 150-ден астам ғылыми еңбектердің авторы. 2010 жылы Н.Оңдасынов атындағы арнайы стипендиямен, ҚР Тәуелсіздігінің 19 жылдығына орай «Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасы», 2011 жылы «ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығы медалі» мемлекеттік наградаларымен марапатталған.

Т.Е. Картаева «Қазақ халқының дәстүрлі мұраларын жинау, жүйелеу және жариялау» атты іргелі ғылыми жоба аясында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Қызылорда» далалық этнографиялық экспедициясын (2012 – 2014) басқарып келеді. Автордың осы аймаққа қатысты этнографиялық зерттеулері ҚРБжҒМ Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті бекіткен басылымдарда, Қытай, Ресей, Қырғызстан, Түркия мемлекеттерінің ғылыми басылымдарында, Халықаралақ және Республикалық конференциялар жинақтарында жарияланып жүр.

Монографияның 1-ші томында XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезі аралығында Сырдария өзенінің төменгі ағысы бойында орналасқан Перовск, Қазалы уездерінің саяси-әкімшілік бөлінісі, қазақ ауылдарының этнографиялық сипаты қарастырылған. Сыр өңірін мекендеген ру-тайпалардың этникалық тарихы, дәстүрлі мал шаруашылығын жүргізу әрекеттері, XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезіндегі көшпелі шаруашылықтан жартылай отырықшылыққа өту үдерісіндегі бетбұрыстардың бағыттары ғылыми тұрғыда сараланған.

Автор Сыр өңірі қазақтарының этникалық тарихын саралау барысында тарихи деңгейлерге шегініс жасаған. Ол ежелгі тайпалардың Сырдария аңғарына қоныстануы тас дәуірінен бастап бірнеше тарихи дәуірлер мен кезеңдерді қамтитындығына, Сырдария оазисі мен Арал ареалы ерте тұрғындардың, андроновтықтардың, байырғы сақ-массагеттердің, көне түркілердің мекені болғандығына, Сыр өңірлік түрік тайпаларының қазақ халқы этногенезінің қалыптасуына қатысқандығына ерекше назар аударып, Сыр өңіріндегі ру-тайпалық құрамның аса күрделі компонент болғанын атап көрсетеді. Автор Алтай өңірінен түрік тайпаларының батысқа қарай қоныс аударуы Жетісу мен Сыр өңірі арқылы өткен, одан кейінгі кезеңдерде қазақ жерінде болған шапқыншылықтар әсерінен Сыр өңірінде бірнеше миграциялық ағымдар болған, міне, осындай тарихи үдерістердің барысы нәтижесінде қазақтың үш жүзінің ру-тайпаларындағы бірқатар ру-тармақтар Сыр өңіріне шоғырланады да, Сыр өңірінің этникалық құрамын күрделендіреді деген тұжырымға келеді. Сонымен бірге автор Сыр өңірлік ру-тайпалардың XIX ғасырдағы қоныстану аймағы мен қазіргі қоныстану аймағындағы сәйкестікті анықтай отырып, Сыр өңіріндегі ру-тайпалар XIX ғасырдағы этногеографиясын сақтап қалған деген қорытынды жасайды. Бірінші томнан оқырман «Сыр – Алаштың анасы» деген тұжырымның сырын ұққандай болады.

Сыр өңірі қазақтарының шаруашылықты жүргізу әрекетіндегі іс-тәжірибелері де тарихи дәуірлерден қалыптасып жетілді. Мал жылдың төрт маусымында да табиғи жайылымдарда бағылды. Перовск уезі қазақтарының жайлауға көшуі Қарақұм, Ырғыз, Торғай, Қостанай, Сарысу, Ұлытау, Кішітау бағыттарын құрады. Қазалы уезі ауылдарының негізгі бөлігі Ырғыз уезінің жерлеріне жетіп, жазда Буратал, Ащыбұлақ, Үшқамты, Жарбұлақ және Қандай өзендеріне дейін, ал, шектілер көші бұдан да әрі Мұғалжар тауларын бойлай отырып, Ембі өзені жағасына дейін барған.

Әрбір ру-тайпаның өзіндік дәстүрлі көш жолдары қалыптасты. Қашыққа көшіп жүру Қазақстанның Батыс және Сырдариянын төменгі ағысын мекен еткен тайпаларға тән болған. Аралдың солтүстік шығыс беті, Сырдариянын орта және төменгі ағысы мен Қаратаудың баурайында орналасқан қыстаулардан бастау алатын көшу бағыттары Ұлытау жазығы, Торғай, Ырғыз, Тобыл өзендерінің аңғарларындағы жайлауларға дейінгі аумақты қамтитын. Автор «Сәтбай жолы», «Тау жолы», «Сарысу жолы», «Ұлытау жолы», «Ырғыз жолы», «Елек жолы» көш жолдарының бағыттарын ашып көрсеткен.

Монографияның 2-ші томында XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезіндегі Сырдария өзенінің төменгі ағысы бойында орналасқан Перовск, Қазалы уезінде егіншілік пен бағбандықтың дамуы, қосалқы шаруашылықтардың дамуы қарастырылған. Сыр өңірі қазақтарының дәстүрлі материалдық және рухани мәдениеті кешенді түрғыда зерттеліп, Сыр қазақтарының этнографиясына басқа өңір қазақтарының этнографиясымен салыстырмалы сараптау берілген.

Сыр өңірі байырғы егіншілік оазисі болғаны белгілі. Сыр өңіріндегі ежелгі қала-қоныстар орнындағы астық сақтайтын ұралар, суландыру жүйелерінің іздері тарихи дәуірлерде егіншіліктің дамығанын дәлелдейді. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезіндегі көшпелілiктен жартылай отырықшылыққа өту кезеңі өлкеде егіншіліктің дамуын қарқындатады. Сырдариянын төменгі ағысы, Арал теңізі, Сыр өңіріндегі көлдер бойы балықшылық кәсібінің ерекше дамыған аймағы болды. Балық аулаудың түрлі әдіс-тәсілдері қалыптасты. Аңшылық жергілікті қазақтардың мал шаруашылығымен қатар айналысқан кәсібі болды. Жергілікті жердің ерекшелігіне орай кереге құру (жолбарыс аулауға), шатыр құру, қуалап аулау, тұзақ құру, тор жабу, тұзақ құру, қақпан құру, атып алу сияқты дәстүрлі әдіс-тәсілдерін қалыптастырды.

Сыр өңірінде сыртқы сауда-саттықтың дамуының тарихи тамырлары сақ-массагет, қаңлылар дәуірінен басталады. Тарихи дәуірлерде Ұлы жібек сауда жолының Сыр өңірі арқылы өтуі - Сыр өңірін шығыс және батыспен жалғап жатса, бұл тарихи дәстүр XIX ғасырда да жалғасын тауып, Сыр өңірінің үстінен өтетін Үргеніш, Хиуа, Бұқара, Хорезм өңірінен бастау алатын керуен жолдары Омбы, Орынборды, одан әрі батысты жалғап жатты. Сырдариянын кесіп өтетін бір керуен жолы Сарысу, Ұлытау, Кішітау арқылы Томскіге апарса, тағы бір керуен жолы Бетпақдала арқылы солтүстік-шығысты жалғап жатты. Сыр өңірінен бірнеше керуен жолдарының кесіп өтуі өңірде керуенбасы, кірекеш, ақшомшы, шапар кәсіптерін дамытқан, кеме, сал сияқты қатынас құралдарын жасау мен оның қолданыс аясы жетіле түскен.

Сыр өңірі қазақтарының дәстүрлі материалдық мәдениеті жергілікті жердің табиғатының ерекшелігіне қарай қалыптасты. Дәстүрлі баспана соғу ісінде бастырма, жертөле, жеркепе, қақыра, шым-үй, шошала, өлшек сияқты баспана түрлерін иемденген. Дәстүрлі киім түрлерін жергілікті жердің климатына қарай бейімдеген. Тұрмыстық және шаруашылық бұйымдарды саралағанда тек Сыр өңірлік аймақтағы ерекшелігі бар бұйымдар қамтылған. Дәстүрлі тағамдар жүйесіндегі айырмашылық осы өңірдегі қазақтардың дәстүрлі шаруашылығымен, тағы да экологиялық ортасымен байланысты қалыптасқандығы айғақталған.

Сыр қазақтарының рухани мәдениетінің айырмашылығын халықтық білімдер жүйесінен, отбасылық әдет-ғұрыптардан көрінеді. Сыр қазақтарының наным-сенімдер, ырым-тиымдар жүйесі байырғы архайкалық діни-нанымдардың күнделікті өмірге кірігуімен байланысты қалыптасқан. Сыр қазақтарының некелесу мен құда түсуі, өлікті жерлеу дәстүрлерінде байырғы көне дәстүрлер жиынтығының негізгі элементтері сақталып қалған. Сыр қазақтарының тіліндегі этнографиялық сөздер әр тақырып аясына топтастырылған. Сыр қазақтарының тілінде этнографиялық сөздердің мол болуы, оның тұрмыс-тіршіліктің барлық салаларынан көрініс табуы Сыр өңірінің шығыс пен батысты жалғап жатқан ареалда орналасуы және жергілікті халықтың негізгі денін қазақтар құрағандығымен байланысты болады.

Автор ру-тайпалардың қоныстануы, керуен жолдары, көш жолдары, суландыру жүйесінің карталарының, қыстау атауларының жүйесінің, дәстүрлі шаруашылықтың дамуын, Сыр өңірі қазақтарының этнографиялық келбетін айғақтайтын көне фотоқұжаттарды ұсына отырып, монографиясының ғылыми құндылығын одан әрі арттырады. Монографияда келтірілген әрбір фотоқұжаттың маңызы өте зор деуге болады.

Сыр өңірі қазақтарының тарихи-этнографиясын біртұтас еңбек ретінде «аймақтық этнография» бағытында қарастырудың, сол арқылы қазақ жерінің басқа өңірі қазақтарымен айырмашылығын айқындаудың этнография ғылымы үшін маңызы зор. Осы монографияның ішкі мазмұнындағы мәліметтер Сыр өңірін «этнографиялық аймақ», «қазақы аймақ» ретінде тануға толық мүмкіншілік береді.

Қорыта келе айтарымыз, Т.Қартаеваның монографиясы Сыр өңірінің тарихын, ондағы халықтың этнографиялық тарихын білгісі келетін әрбір қазақ азаматы үшін таптырмас құнды еңбек деп санаймыз.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы10 шілдедегі №638 қаулысы
Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 11.07.2014 жылы №4723

ӨСІМДІКТЕРДІ ҚОРҒАУ МАҚСАТЫНДА АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ДАҚЫЛДАРЫН ӨҢДЕУГЕ АРНАЛҒАН ГЕРБИЦИДТЕРДІҢ, БИОАГЕНТТЕРДІҢ (ЭНТОМОФАГТАРДЫҢ) ЖӘНЕ БИОПРЕПАРАТТАРДЫҢ ҚҰНЫН СУБСИДИЯЛАУ ТУРАЛЫ

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына және «Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауылшаруашылық дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы №573 қаулысына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес субсидияланатын гербицид түрлері және гербицидтерді жеткізушілерден сатып алынған гербицидтердің 1 килограмына (литріне) арналған субсидия нормалары белгіленсін.

2. «2014 жылға өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға облыстық бюджет қаражатынан ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №4674 тіркелген, «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттерінде 2014 жылғы 17 мамырда жарияланған) Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы 12 мамырдағы №581 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С.Қожаниязовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Қ. Көшербаев.

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
_____А. Мамытбеков
2014 жылғы «__» _____

Қызылорда облысы әкімдігінің
2014 жылғы «10» шілде №638 қаулысына қосымша

Субсидияланатын гербицид түрлері және гербицидтерді жеткізушілерден сатып алынған гербицидтердің 1 килограмына (литріне) арналған субсидиялар нормалары

р/с	Субсидияланатын гербицидтердің түрлері	Өлшем бірлігі	Бір өлшем бірлігінің құнын арзандату пайызы	Бір бірлікке арналған субсидия нормасы, теңге
1	Клиник, 36%, с.е. (қышқыл глифосаты 360 г/л)	кг (л)	49,9	646
2	Ураган Форте, 500, с.е. (қышқыл глифосаты 500 г/л)	кг (л)	49,9	1061
3	Торнадо, 50% с.е. (қышқыл глифосаты 500 г/л)	кг (л)	49,9	877
4	Солито, 320, э.к. (претилахлор, 300 г/л+ пирибензоксим, 20 г/л)	кг (л)	29,9	2 140
5	Номини, 400, с.к. (натрий биспирибагі, 400 г/л)	кг (л)	29,9	26 910
6	Рейнбоу, 25 ОД, м.ш. (пеноксулам, 25 г/л)	кг (л)	29,9	4 425
7	Боливер, 50% с.д.т. (азимсульфурон, 500 г/кг	кг (л)	29,9	84 078
8	Гулливер, с.д.т. (азимсульфурон, 500 г/кг)	кг (л)	29,9	86 710
9	2М-4Х 750, 75% с.е.к. (диметиламинді тұз)	кг (л)	29,9	542
10	Базагран, 48% с.е. (бентазон, 480 г/л)	кг (л)	29,9	730
11	Гезагард, 500, с.к. (прометрин, 500 г/л)	кг (л)	29,9	636
12	Пантера, 4% к. э. (40 г/л)	кг (л)	29,9	1078
13	Азимекс, (азимсульфурон, 500 г/кг)	кг (л)	29,9	74750

Қысқартылған сөздердің толық жазылуы:

г/кг – грамм/килограмм;	с.е.к.- суда еритін концентрат;
г/л – грамм/литр;	с.д.т.- сулы дисперленген түйіршік;
кг (л) – килограмм (литр);	с.к.- сулы концентрат;
э. к.- эмульсия концентраты;	с.е.- сулы ерітінді;
м.ш. - майлы шашырама;	с. к.- суспензиялы концентрат.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы 10 шілдедегі №639 қаулысы
Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 11.07.2014 жылы №4724

ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫҢ ҚҰНЫН (ОРГАНИКАЛЫҚ ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫ ҚОСПАҒАНДА) СУБСИДИЯЛАУ ТУРАЛЫ

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына және «Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы №574 қаулысына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес субсидияланатын тыңайтқыш түрлері және өндірушілер сатқан тыңайтқыштардың 1 тоннасына арналған субсидия нормалары;

осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес субсидияланатын тыңайтқыш түрлері және тыңайтқыш жеткізушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына арналған субсидия нормалары белгіленсін.

2. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С.Қожаниязовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Қ. Көшербаев.

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
_____А. Мамытбеков
2014 жылғы «__» _____

Қызылорда облысы әкімдігінің
2014 жылғы «10» шілде №639 қаулысына
1-қосымша

СУБСИДИЯЛАНАТЫН ТЫҢАЙТҚЫШ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ӨНДІРУШІЛЕР САТҚАН ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫҢ 1 ТОННАСЫНА АРНАЛҒАН СУБСИДИЯ НОРМАЛАРЫ

р/с	Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері	Өлшем бірлігі	Бір өлшем бірлігінің құнын арзандату пайызы	Бір бірлікке арналған субсидия нормасы, теңге
1	Аммиак селитрасы (N-34,4%)	тонна	49,9	28 842
2	Аммофос (N-10% , P_2O_5-46 %)	тонна	49,9	44 910
3	Фосфорит ұны (P_2O_5-17%)	тонна	49,9	8 193
4	Жай суперфосфат (P_2O_5-19 %)	тонна	49,9	24 451
5	Аммоний сульфаты (N-21%)	тонна	49,9	22 569
6	Байытылған суперфосфат (P_2O_5-21,5 %)	тонна	49,9	15 968
7	Супрефос-NS (N-12%, P_2O_5-24%)+(Ca;Mg;SO_3)	тонна	49,9	44 910
8	«Б» маркалы «МЭРС» микротыңайтқышы	литр	49,9	5 988

Ескерту:
N–азот;
Р2 О5– фосфор.

Қызылорда облысы әкімдігінің
2014 жылғы «10» шілде №639 қаулысына
2-қосымша

СУБСИДИЯЛАНАТЫН ТЫҢАЙТҚЫШ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ТЫҢАЙТҚЫШ ЖЕТКІЗУШІДЕН ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ШЕТЕЛДІК ТЫҢАЙТҚЫШ ӨНДІРУШІЛЕРДЕН САТЫП АЛЫНҒАН ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫҢ 1 ТОННАСЫНА АРНАЛҒАН СУБСИДИЯ НОРМАЛАРЫ

р/с	Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері	Өлшем бірлігі	Бір өлшем бірлігінің құнын арзандату пайызы	Бір бірлікке арналған субсидия нормасы, теңге
1	Карбамид (N-46,3%)	тонна	29,9	25 415
2	Аммоний сульфаты (N-21%)	тонна	29,9	10 465
3	Нитроаммофоска (N-15%, P-15%, K-15%)	тонна	29,9	29 900
4	Аммоний сульфаты (Капролактамды) (N-21%,)	тонна	29,9	11 577
5	КАС (калий аммиак селитрасы) N-27-33%	литр	29,9	14,95

Ескерту:
N – азот;
Р – фосфор;
К – калий.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы 10 шілдедегі №640 қаулысы
Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 11.07.2014 жылы №4725

2014 ЖЫЛҒА СУБСИДИЯЛАУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңына және «Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы №575 қаулысына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес басым ауыл шаруашылығы дақылдардың тізбесі және басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары (1 гектарға) белгіленсін.

2. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С. Қожаниязовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Қ. Көшербаев

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
_____ А. Мамытбеков
2014 жылғы «__» _____

Қызылорда облысы әкімдігінің
2014 жылғы «10 » шілде №640 қаулысына
қосымша

Басым ауыл шаруашылығы дақылдардың тізбесі және басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары (1 гектарға)

р/с	Басым дақылдардың тізбесі	Бір гектарға субсидия нормасы, теңге
1	Күріш	25000
2	Дәндік жүгері	2500
3	Майлы дақылдар	3100
4	Картоп	10000
5	Көкөніс-бақша дақылдары (қорғалған топырақ жағдайында өсірілетін көкөніс дақылдарын қоспағанда)	9000
6	Ашық топырақта, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйесін қолдана отырып өсіретін ауыл шаруашылығы дақылдары	25000
7	Қорғалған топырақ жағдайында өсірілетін көкөніс дақылдары	3000000
8	Сүрлемдік жүгері	2500
9	Бірінші жылғы бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер	1500
10	Екінші және үшінші жылғы бұршақ тұқымдас көп жылдық шөптер	600

БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУҒА БАСЫМДЫҚ БЕРІЛЕДІ

Жақында өткен облыстық мәслихаттың сессиясында аймақ басшысы бүгінде облыстағы балық өңдеу зауыттарының жылдық қуаттылығы 11 мың тонна болса, онда осы шикізаттың жетіспеушілігі кәсіпкерлерге қиындық келтіріп отырғанын атап өтті. Негізі биылғы жылға бекітілген квота 6725 тонна. Осы жайларды алға тартқан аймақ басшысы облыста алғаш кезекте тауарлы балық шаруашылығын ұйымдастыру қажеттігін айтты.

Негізі өткен жылдан бері облыста бес тауарлы балық шаруашылықтары, оның екеуі Қызылорда қаласында болса, Қазалы, Жалағаш және Шиелі аудандарында бір-біреуден жұмыс жасауда. Өз кезегінде бұл шаруашылықтар қосымша жұмыс орындарының ашылуына септігін тигізіп отыр. Демек, бұдан шығатын қорытынды Арал өңірінің балықшылық кәсібін дамыта түсу үшін мемлекеттік қолдау шараларын Үкіметтің әзірлеп жатқан Балық шаруашылығын дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы жобасына енгізу міндеті тұр. Жалпы бұл істі жүзеге асыруда Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясына жүктелер жұмыс ауқымы зор болмақшы. Өйткені бұл инспекция екі облыстың аумағын, атап айтқанда, Шардара су қоймасынан Аралға дейінгі аралықтағы көлдер мен өзендер жүйесіне бақылау жүргізеді. Жалпы бұл бассейннің су тоғандарының негізгі су көздері – Сырдария өзені. Осы аумақтағы балық шаруашылығына маңызы бар су айдындарының жалпы көлемі 1097 мың гектарды құрайды.

Негізі Қызылорда мен Оңтүстік Қазақстан облыстары бойынша балық шаруашылығына жергілікті маңызы бар көлемі 45 мың гектарды құрайтын 184 су айдындары бар. Соның ішінде біздің облыста жергілікті маңызы бар 176 су айдыны бар. Бұл айдындарының көлемі 44,6 мың гектар. Сондай-ақ, осы екі облыс аумағында халықаралық маңызы бар 328,8 мың гектар Шардара су қоймасы, Кіші Арал теңізі және Сырдария өзені 263 мың гектарға орналасқан. Сонымен қатар Ұлы теңіздің солтүстік беткейінде көлемі 140 мың гектар жерде мекендейтін артемия салина жұмыртқаларын аулау үшін Тұщыбас және Чернышов шығанақтары табиғат пайдаланушыларға бекітіліп берілген.

Бағалы байлық – балықты аулаудың өз тәртібі де бар. Осы жайтты назарда ұстаған ҚР Үкіметі ақпан айындағы қаулысымен биылғы жылға бассейн бойынша барлығы 9685,54 тонна балық аулау лимитін бөлді. Сөйтіп өткен алты айда табиғат пайдаланушыларға 3202,06 тонна балық аулауға 112 рұқсат берілді. Осы балық аулауға рұқсат алғандар аталған алты айда 1901,87 тонна балық аулаған. Соның нәтижесінде балық аулау рұқсатының төлемақысынан республикалық бюджетке 36,627 млн. теңге қаржы түсірілді.

– Жалпы бекітілген лимиттің облыстар мен су айдындары бойынша бөлінуін нақтылап айтар болсақ, онда біздің облысқа барлығы 6382,5 тонна лимит бөлінген, – дейді Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы ихтиология бөлімінің бас маманы Рысбек Сәдуақасов. – Соның ішінде Кіші Арал теңізіне 5595 тонна, Сырдария өзеніне 178 тонна және жергілікті су айдандарына 609,5 тонна балық аулау лимиті бөлінді. Өткен алты айда табиғат пайдаланушыларға 2165,46 тонна (игерілуі 34 пайыз) балық аулауға 106 рұқсат берілді. Сол рұқсаттар бойынша алты айда нақты 1336,64 тонна балық ауланды. Сөйтіп, балық аулау рұқсатының төлемақысы есебінен республикалық бюджетке 23,1 млн. теңге қаржы түсірілді.

Оңтүстік Қазақстан облысына да барлығы 3302,9 тонна лимит бөлінген. Оның ішінде Шардара су қоймасына 2973 тонна, Сырдария өзеніне 253 тонна және жергілікті су айдындарына 76,9 тонна балық аулау лимиті берілген. Ал, артемия салина жұмыртқалары бойынша биылғы жылға Үлкен Арал теңізінің Тұщыбас және Чернышов шығанақтарына бөлінген лимиттің көлемі 220,26 тонна. Айта кету керек, биылғы жылға табиғат пайдаланушыларға бөлінген лимит-

ке сәйкес 107,991 тонна артемия жұмыртқаларын аулауға екі рұқсат берілсе, олар өз мүмкіндіктерінің 50 пайызын игерген. Сөйтіп, осы істің төлемақысынан республикалық бюджетке 9 млн. теңге қаржы түсірілді.

Қорыта келе айтқанда, бүгінде бассейнде балық шаруашылығына халықаралық маңызы бар су айдындарының 29 балық аулау учаскелерінің барлығы табиғат пайдаланушыларға бекітіліп берілген. Ал, жергілікті маңызы бар 184 су айдындарының 18-і резервтік қорда болса, 10 су айдынының суы тартылып қалуына байланысты балық шаруашылығы маңызын жоғалтып, облыс әкімдігі қаулысындағы тізімнен шығару жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар биылғы жылдың ақпан және мамыр айларында резервтік қордағы жергілікті су айдындарын бекіту бойынша конкурс өткізіліп, 32 субъектіге 39 су айдыны балық шаруашылығын жүргізу үшін Қызылорда облысы әкімдігінің қаулыларымен ұзақ мерзімге бекітіліп берілді. Енді қазір олардың инспекциямен балық шаруашылығын жүргізу шартына отыру жұмыстары жүргізілуде. Айналып келгенде, мұның барлығы облыста тауарлы балық шаруашылығын дамытуға бағытталып отыр.

Айғали ҚАРАБАЛАЕВ.

АТАКӘСІПТЕН АЙНЫМАҒАН

Ақжал толқындары жағаға ұрған Арал теңізі өткен ғасырдың алпысыншы жылдары аты шығып, дүркіреп тұрған кез еді. Сол тұста теңізден су маржанын сүзіп, есімі елге танылған балықшылар көптеп шықты. Дейтұрғанмен, бертін келе теңіз суы тартылып, көптеген көл жүйелері кеуіп қалды. Сол уақыттарда бірқатар балықшылардың атакәсібінен қол үзіп қалғандары да болды. Ал кейбір кәнігі балықшылар еліміздің балық шаруашылығы қалыпты жұмыс істеп тұрған жерлеріне қоныс аударып, өз жұмысын үзбей жалғастырғандар да кездесті.

Дегенмен, егеменді ел атанып, тәуелсіздігімізді алғаннан кейін бұл саланың тамырына қайта қан жүгірді. Соның бастысы, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Солтүстік Арал теңізін сақтап қалу жобасы қолға алынып, оның бірінші кезегі жүзеге асырылды. Сөйтіп, Көкарал бөгеті салынды. Соның арқасында бұрын-соңды әлемдік тәжірибеде болмаған теңізді бөліп теңіз жасау тәжірибесі жүзеге асты. Нәтижесінде теңіздің суы қалаға айтарлықтай жақындап, оның төңірегіндегі көлдер жүйесі қайта суға толды. Балықшылардың атакәсібі қайта жанданды.

Міне, өмірдің осындай суығы мен ыстығы қатар жүргенін қаратереңдік балықшылар әулеті – Бәкеновтер бір кісідей бастан өткерді. Өз жолдарында қандай қиындық болмасын оған мойымаған Омар, Әлібек және Өтеубай Бәкеновтердің атақты балықшы болғанын бүгінде бүкіл ел біледі. Жалпы, бұл әулетте балықшы кәсібі атадан балаға беріліп келе жатқан мирас десе де болады. Соның бір айғағы, бүгінде ер жасы елуден енді асқан Өтеубай ақсақалдың баласы Әлтай Бәкенов – сол атакәсіпті жалғастырушылардың бірі. Ол Қаратереңдегі орта мектепті бітіргеннен кейін, әскери борышын өтеп қайтты. Әскерден келген соң да көп ойланбай, әке жолымен Қуаңдария балық аулау зауытына балықшы болып орналасып, еңбек жолын бастады. Кейіннен ол ауданның Қаратерең ауылында орналасқан "Қуаныш" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне ауысты. Күні бүгінге дейін осы серіктестікте еңбек етіп келе жатқан Әлтай ұжым мүшелері арасында өзінің ұқыптылығымен, тапсырылған іске жауапкершілікпен қарайтындығымен ерекшеленіп келеді. Осындай ерекшелігінің арқасы болуы керек, оның бүгінде кәнігі балықшы атанып отырғандығы да сондықтан. Сонымен қатар тәжірибелі балықшы өзінің білетінін жастарға әркез үйретуден де жалықпаған емес.

Бүгінгідей балықшылардың төл мерекесіне серіктестіктегі Әлтай Бәкенов басқаратын балықшылар бригадасы алты айдың қорытындысымен жақсы нәтижелерге қол жеткізу арқылы келіп отыр. Еңбекте осындай мерейі тасыған балықшы отбасында да төрт бала тәрбиелеп өсіріп, немере сүйіп отырған отағасы болып отырған жайы бар. Серіктестік басшылары балықшылар әулетінен шыққан Әлтай секілді азаматтардың алда әлі талай асуларды бағындыратынына кәміл сенімді.

А.АМАНЖОЛҰЛЫ.

ЕРЕЖЕНІ БҰЗҒАНДАРҒА ЕРКІНДІК ЖОҚ

Биылғы жылдың алғашқы жартыжылдығында Арал-Сырдария облысаралық балық шаруашылығы бассейндік инспекциясы мамандарының күшімен жануарлар дүниесін қорғау, молайту және пайдалану туралы заңнаманы бұзушылар көптеп анықталды. Оның ішінде заңсыз балық аулаған 472 жағдайда хаттама толтырылып, 79 іс құқық қорғау органдарына, оның 61 ісі сотқа жолданды. Сөйтіп, 42 тұлғаны сот қаулысымен әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы шешім шығарылды. Жалпы осы мерзім ішінде 15 қылмыстық іс қозғалды. Соның ішінде бес тұлға қылмыстық жауапқа тартылды. Негізі өткен алты айда инспекция құқық органдарымен бірлесе отырып 35 рейд жүргізді.

Шындығында, "балық та байлық" дейміз. Ал сол байлықты қорғап, көбейтуге мән бере бермейтініміз де жасырын емес. Немесе балық аулау ережесін сақтамайтынымыз қалай? Мысал ретінде айтар болсақ, инспекция бойынша осы алты айда балық аулау ережесін бұзған үшін 380 тұлғаға 2160921 теңге айыппұл салынып, оның 2022021 теңгесі өндірілген. Ал, табиғатқа келтірілген залалы үшін 159 тұлғаға 473478 теңге қуылым салынып, оның 367556 теңгесі өндірілді.

Жалпы аталған мерзім ішінде балық аулау ережесін бұзушылардан тәркіленген балықтың салмағы 1879,2 келі болып, оның бағасы 171216 теңгені құрады. Осы соманың 65155 теңгесі өндірілді. Сонымен қатар балық аулау ережесін бұзушылардан 118 дана ау құралдары алынып, тәркіленді.

А.ДҮЙСЕНОВ.

● ҚАЛА ӘКІМДІГІНІҢ НАЗАРЫНА

МАЙДАНГЕР ҚАЛАМГЕР ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАСА ЕКЕН?



Бұлар сұрапыл соғыстан аман-сау елге оралған журналистер еді. Бір кезде бұрынғы "Ленин жолы" қазіргі "Сыр бойында" өңшең омырауы орден, медальға толы ағалар әңгімедүкен құрып отырғанда тамсана, құмарта тыңдаушы едік. Әскерден әскери офицер болып оралған Әбділда Құрманаев, Досмағанбет Тасекеев, Құрманғали Ажаров, Әбсадық Жанзақов, Нұрғали Оспанов, Қадыр Алдоңғаров, Бөлебай Әлменов, тағы басқалар дүниеден ерте кетті, көп қызықты көре алмай кетті. Қазір олар ұмыт бола бастады.

Солардың бірі – журналист Ахметжан Нүрекеев десек, артық емес. Турашыл, ғайбат сөзге жоқ аға соғыстың алдында осы күнгі байырғы басылымда, бірер жыл Мерке аудандық газетінде еңбек етті. Соғысқа 1941 жылы осы "Ленин жолы" ұжымынан аттанды.

Әскерде зеңбірекшілер курсын бітіріп, майдан даласында құралайды көзден тигізетін мерген болды. Аға мұны естеліктерінде талай рет айтушы еді. Майдандық газеттерде Ахаңның бірнеше очерк, суреттеме, мақалалары жиі жарияланып тұрды. Жауынгер журналист атанды. Курск майданында жауды тап бастырмай зеңбірек оғымен жайратты. Кенет жауынгердің окоптағы жеріне бомба түсті. Өңшең қатардағы жас солдаттар мерт болды. Сержант Ахметжан Нүрекеевтің бір жамбасының күл-талқаны шықты, бас жараланды. Топырақ астында екі күн жатты. Жанкешті екі медбике топырақ астынан басын көтеріп, шырқырап жатқан жауынгерді суыт суырып алып, "жаңбыр-жаңбырдың" астымен дегендей, дала госпиталіне жеткізді. Жауынгер ес-түссіз бірер апта жатты.

Сонымен, жаралы жауынгерді емдеп, майдан госпиталінің дәрігерлері туған жерге аттандырды. Қарағанды госпиталінен дәм-тұз бұйырды. Алты ай жатты. "Шықпаған жанда жан бар" демекші білікті дәрігерлердің көмегімен айығуға бет бұрды. Қос балдаққа сүйеніп, туған жері Қызылордаға 1947 жылы оралды. Бұл жерде хирург Икрам Ыдырысов дәрігерлердің "бір аяғын кеспей болмайды" деген ұйғарымына қарсы шығып, кеспей емдеудің жолын қарастырып, қатарға қосты.

Жаралы жауынгер қиын тағдырдың ауыртпалығын тартты. Рабиға атты жеңгемізбен бас қосты. Аға жанын ұққан бойжеткен өмірбақи ағаны алақанына салып қадірледі, күтті. Үш ұл, екі қыз дүниеге келді. Аға өзінің ұшқан ұясы байырғы майдандас інісі Құрманғали Ажаровпен ширек ғасыр жұп жазбай, сыйластықпен еңбек етті.

Ахаң тағдыр салған қиындыққа мойымай, аптапты ыстық, ақ қар, көк мұзда қос балдағын сүйретіп, кеңсеге ерте келетін-ді. Оны айтасыз пединститутты тарих факультетін сырттай оқып бітіруге бар қайратын жұмсады. Жоғары білім алды, партия қатарына өтті.

Жауынгер-журналист еңбегіне орай, 20-ға жуық орден, медаль алды. Екі бірдей "Қызыл жұлдыз" орденін жеңіс күндері омырауына тағып, төрде отырушы еді. Бірнеше рет жоғарғы кеңестің грамотасын алды.

Бәріміз ардақ тұтқан Ахаң жетпістен асқанша бір ұжымда еңбек етті. Елуінші жылдың басында отау құрғандықтан балаларын оқытып, ержеткізу керек болды. Бәріне жоғары білім алуына ұйтқы болды. Үш ұлының бірі инженер, екеуі майор, подполковник, бір қызы Жұлдыз, Құндыздар ғалым, дәрігер болды. Әулет үрім-бұтақтары жиырмаға жетті.

Аға сержант, журналист Ахметжан Нүрекеев биыл жүзге толды. Арамыздан кеткеніне жиырма жылдан асты.

Осынау сұрапыл соғыстың қиын сәттерін бес жыл бойы бастан өткізіп, майданнан оралып, байырғы басылымда елу жылдан аса еңбек еткен Ахметжан Нүрекеевке қандай құрмет көрсетсек те, артық емес. Нағыз құрыш қазақ жауынгерге "Сыр бойының" шыға бастағанына 85 жылдығы толу қарсаңында қала орталығынан бір көшеге есімі берілсе, жөн болар еді. Мұны қала әкімі, ономостикалық комиссиядағы мырзалар ескерер деген ойдамыз?!

Тәнеш ОРАЗОВ,
соғыс және еңбек ардагері,
Мылтықбай ПЕЙІСОВ,
зейнеткер-полковник,
Қазыбай ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,
экономика ғылымдарының кандидаты, профессор,
Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ,
ардагер журналист.

КӘСІПТІК БАҒДАР

ЗАМАН ТАЛАБЫНА ІЛЕСКЕН КОЛЛЕДЖ

Халықтың ғасырлар бойы аңсаған Тәуелсіздігімен бірге ел өміріне көптеген оң өзгерістер қоса келгені мәлім. Соның бірі – білім берудің өзіндік үлгісі қалыптасқан әртүрлі инновациялық оқу орындарының ашылуы. Алғаш Қазақ Мемлекеттік Заң Академиясының филиалы болып, бертін келе Қазақ гуманитарлық заң және техникалық колледжі атанған бұл білім ордасы өзі қызмет көрсеткен он жыл көлемінде аймақтағы іргелі оқу орындарының біріне айналды. Оның дәлелін 2009 жылы өңірдегі орта оқу орындары арасында өткен байқауда "Үздік" номинациясын иеленіп, республикалық "Техникалық және кәсіптік білім беру орнының үздігі" сайысында арнайы дипломға ие болуынан, аймақтық "Алтын көшбасшы" атануынан аңғаруға болады.

Білім беруді әлемдік стандарттық деңгейге көтеру, бәсекеге қабілетті жаңа буын өкілдерін қалыптастыру, білім беру нарығынан орын алу, отандық және шетелдік жетекші білім беру мекемелерімен тең дәрежеде қарым-қатынас орнату мақсатында колледж 2008-2009 оқу жылында сапа менеджменті жүйесін ендірді.

– Үздіксіз ізденіс жаңа міндеттерге, тың бастамаларға бағыттайды,– дейді колледж директоры Марат Тобашев. – Сондықтан колледж ұжымы стратегиялық бағдарларға, жедел ақпараттандыруға жете көңіл аударып, қарқынды дамуға, білім беруге қойылатын жаңа талаптар тұрғысынан көрінуге күш салуда. Соның бірі – дуалды оқыту жүйесі. Бұл жүйе теория мен тәжірибені ұштастыра жүргізуге мүмкіндік береді. Осы мақсатта ұжым бірқатар мекеме, кәсіпорындармен әріптестік байланыс орнатты.

Иә, білім ордасы "Қызылорда жылуэлектрорталығы", "Қызылорда электромонтажстрой", "МеркурСтрой-Сервис", "Сыр еркесі" балабақшасы, №1 облыстық мамандандырылған олимпиадалық резерв мектебі және бірнеше қонақ үйлер, туристік фирмалар, банктермен ұзақ мерзімді келісімшартқа отырып, студенттердің өздері қалаған мамандықтарының қыр-сырына қанығуына жан-жақты жағдай жасаған. Бұл колледж түлектерінің тұрақты жұмыс табуына септігін тигізуде.

Техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын басшылыққа алған колледж аймақ жастарына біліммен қоса сан түрлі тәрбие беріп келеді. Өткізіліп жатқан түрлі іс-шаралар жастардың ойын ұштап, талантына, талабына жол ашады. Атаулы мерекелерді былай қойғанда, колледжде драма, өлкетану,қолөнершілер үйірмелері тұрақты жұмыс істейді. Драма үйірмесі студенттердің актерлік шеберлігін шыңдап, олардың сахна мәдениетін меңгеруіне мүмкіндік жасайды. Олар сомдаған сахналық қойылымдар көпшіліктің көңілінен шығып келеді. Драма үйірмесінің екінші бағыты – киностудия. Актер де, оператор да, режиссер да колледждің өзінен табылады. Олар түсірген "Студенттер хикаясы" фильмін көрермендер жылы қабылдады. Ал өлкетану үйірмесіне қатысушы студенттер жетекшілерімен бірге Отырар мен Сауран қалаларына саяхат жасап, ескі тұрақтардан көне жәдігерлермен олжалы оралды. Сондай-ақ, үйірме мүшелері Түркістандағы киелі орындарды аралап, ел тарихымен танысып қайтты. Облыстық тарихи-өлкетану мұражайымен келісім-шартқа отырған оқу орнында жастарды ұлт жанашыры болуға, ұлтжандылыққа тәрбиелеу мақсатында бірқатар игі шаралар жүзеге асырылып келеді. Колледж ұстаздарының мұражайда өткізген ашық, танымдық сабақтары аймақтың тарихы мен географиялық мәліметтерін, осы өңірде туып-өскен атақты ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің өмірі мен еңбектерін тың деректермен толықтырып, колледж қолөнершілерінің киізден жасалған бұйымдары ұйымдастырылған көрменің сәнін келтірді. Облыстық мұражайдың 75 жылдығына орай өткізілген іс-шараға колледждің драма үйірмесінің мүшелері "Сейхундария" атты сахналық қойылымды тарту етті.

Бүгінгі жастарды алдыңғы толқын ағалармен жүздестіру, олардың өмірі мен адами қасиеттерін, елі үшін жасап жатқан игі істерін үлгі ету арқылы ұрпақтар сабақтастығын жандандыру да тәрбиенің бір түріне жататыны аян. Соған орай, ел мақтанышына айналған Мұхтар Шаханов, Тоқтар Әубәкіров, Мұрат Әуезов, Асқар Жұмаділдаев, Мәди Киреев, Мекемтас Мырзахметов сынды бірқатар азаматтармен кездесулер ұйымдастырылды. Онда жастар өздерін толғандырған сұрақтарға жауап алып, ой-пікірлерін, ұсыныстарын білдірді.

Үштұғырлы тіл саясатынан колледж ұжымы да тысқары қала алмайды. Әлемдегі алпауыт мемлекеттермен еркін қатынас орнату үшін ағылшын тілін жетік білу шарт. Осы орайда қазақ тілін көздің қарашығындай сақтай отырып, ретті жерінде орыс тілі мен ағылшын тілін қолдана білу қажеттігі туындайды. Яғни, үш тілді де жетік меңгеру бәсекеге қабілетті, білімді азаматты көздеген мақсатына жеткізері сөзсіз. Осыған байланысты білім беру мекемесінде арнайы лингафон кабинеттері, үйірмелер тұрақты жұмыс істейді. "Өзге ұлттың тілін, дәстүрін білмей оның жанын, арманын түсіну, сеніміне, құрметіне бөлену мүмкін емес" деген батыр Бауыржан Момышұлы аталарының сөзін басшылыққа алған бірқатар студенттер әлемнің алпауыт елдері – Англия, Қытай, Түркияда білімдерін жетілдірді. Оқушылардың енді бір тобы Қытай мен Англияда жазғы демалыстарын өткізіп, сол елдің мәдениетімен, салт-дәстүрімен танысып қайтты. Сонымен қатар шетелдік ұйым волонтерлері Адриана Лайн Бочи мен Паркс Тед Майклдың сабақтары "Аударма ісі" мамандығы оқушыларының біліктілігін арттыру және олардың ағылшынша сөйлеу дағдысын қалыптастыруда көмегін тигізді.

Колледж әлемдік білім беру кеңістігіне қосылу жолында ілгері қадам жасап келеді. Оқу орнының әр кездегі басшылары Мұрат Бақтияұлы мен Марат Шайхысламұлы Сингапур қаласындағы шетелдік білім-мәдениет ордаларының, Кореядағы Білім және даярлық орталығының шақыртуымен іссапарға барып, тәжірибе алмасып қайтты. Сапардың негізгі мақсаты – бағдарламаға озық технологияларды кеңінен енгізіп, оқу-тәрбие үрдісін инновациялау.

Жастар әр кезде қоғамның қозғаушы күші болып келеді, солай болып қала берері де сөзсіз. Колледж жанынан құрылған "Жігер" жастар ұйымы облыс көлеміндегі жастар қоғамдық ұйымдармен бірлесе отырып, сан түрлі жұмыстың бастаушысы, жандандырушысы болып келеді. Мәселен, колледж студент-жастары биыл үнемі оқу орындары арасында ұйымдастырылатын "Студенттік көктем" дәстүрлі өнер фестиваліне қатысып, белгіленген аталымдарға орай жүлделі орындарға, алғыс хаттарға ие болды. Сондай-ақ "Ақиқат" пікірсайыс клубының белсенді жастары түрлі деңгейде ұйымдастырылған сайыстарға қатысып, "үздік спикер", "үздік төреші" аталымдары бойынша дипломдармен марапатталды. Оқушылар арасында облыстық "Өнертапқыш-2013" техникалық-шығармашылық көрме, "Тың жетістіктер жолы", "Кемел келешек" инновациялық-өнертапқыштық идеялары байқауларында үздік танылып, арнайы жүлделерге ие болғандар көптеп саналады. Демек, орта оқу орны өркениетті дамудың талабына, әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге, ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтарға батыл бетбұрыс жасаған оқу орны деп айтуға толық негіз бар.

Жұмагүл ОРАЛБАЕВА.

ЖАС МАМАНҒА ЖОЛДАМА БЕРДІ

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілуі керек» дегені белгілі. Бұл тұрғыда Қазалы көлік-техникалық колледжінде толымды тірліктер тындырылуда. Кезінде мұнда Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен келіп жастар білім алатын-ды. Сол дағды қазір де бәсеңдеген жоқ. Жуырда өткізілген колледж бітіруші түлектерге димплом тапсыру рәсімі жұртшылықтың көңілінде ұзақ уақыт сақталары даусыз.

Ұжымда еңбегімен дара шыққандар баршылық. Колледж басшысы, аудандық мәслихат депутаты Болатбек Ахметов «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» екенін атап кеткен жөн. Шара шымылдығы түрілсімен ортаға «Тамақтандыруды ұйымдастыру» тобының студенттері шақырылды. Олардың арасында облыстық «Үздік аспаз» байқауының жеңімпаздары бар. Оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін өндірістік оқу шебері Лида Маханбетқызы «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісін иеленген-ді. Мұнан соң «Жылжымалы құрамдардарды жөндеу слесары», өзге де топ түлектеріне диплом тапсырылды. Биылғы жылы 11 студент «Үздік диплом» иегері атанды. Сонымен қатар, колледжде көпшілік ықыласына бөленген өнерпаздар, танымал спортшылар да кездеседі. Өндірістік оқу шебері Рустам Самұратұлының «Жігіт төресі» байқауында бас жүлдені жеңіп алуы соның айғағы.

Міне, көңіл толқытар сәт. Еліміздің Туы көкке қалықтап, Әнұран орындалды. Колледж ұжымы Бүкіләлемдік банк қарызы есебінен қаржыландырылатын «Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту» Жобасына қатысып, 380 мың АҚШ доллары грантын жеңіп алды. Нәтижесінде Франция, Германия, Чехия, Ресей, Белоруссия мелмекеттерінде мамандар іс-тәжірибе жинақтады. Шара шымылдығын аудан әкімі Бақыт Жаханов, ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекпанов, колледж басшысы Болатбек Ахметов құттықтау сөзбен ашты. Рәсімде базалық мекемелерден келген өкілдер лебіздерін білдірді. Ән-жырдан шашу шашылды.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

АДАМ ІСІМЕН КӨРІКТІ

Басымыз ауырып, балтырымыз сыздаған кезде әр пенде әуелі Алла тағалаға жалбарынып, сонан соң, ақ халатты абзал жандардың көмегіне жүгінетіні анық. Өзім де науқастың азабын көп тартқан адам ретінде, әрдайым дәрігердің алдына барғанда тамырыңды ұстап отырған дәрігер білікті, тәжірибелі және сауатты болса екен деп тілеймін. Сондай-ақ олардың «қорқатындай дәнеңе жоқ, біраз ем алып, өзіңізге күтім жасасаңыз ауруыңыздан құлан-таза айығып кетесіз» деген жылы сөзі кейде жанымызға ем болып жатады. Кейде дерт асқынып, өмір мен өлім арпалысып жатқанда дәрігерлердің біліктілігінің арқасында әлсіз жатқан науқас аяғынан тұрып, сауығып кетіп те жатады. Міне, осындай ауданымызда біліктілігі жоғары яғни, облыс, республика көлеміндегі дәрігерлермен деңгейлес мамандарымыз да баршылық.

ДЕРТКЕ ШИПА ДАРЫТҚАН

Дәрігерлердің әрбір ісі қан майданда жүрген жауынгерлер іспетті. Олай дейтінім, жауынгерлер Отан үшін деп ұрандатса, ал дәрігерлер сол Отан қорғаушылардың денсаулығының жанашыр-арашашасы. Мен де бүгін осы тақырыпқа арқау болып отырған орталық ауруханаңың реанимация бөлімшесінің меңгерушісі Темірхан Қуанышұлы Бердімағамбетов жайында айтпақпын. Өйткені, ауыр халдегі науқастар осы реанимация бөлімінен өмір сүру жолының соңғы үкілі үмітін күтеді және сенеді. Мәселен, жуырда туған інім Сәрсеннің немересі Нұрсұлтаннан тоқтаусыз қан кетіп, өте ауыр халде реанимация бөлімшесіне түсті. Қарға тамырлы қазақпыз ғой, осы бөлімде жатқан Нұрсұлтанның жағдайын сұрауға барғанымызда Темірхан: «Алла тағала қолдаса, біз өз тарапымыздан барлық емін жасап жатырмыз» деген болатын. Осылайша көп кешікпей-ақ Темірханның білімінің арқасында бірнеше күннен соң қан тоқтап, баланың беті бермен қарай бастады. Бұл қуанышты хабарға қуанған біздер Құдайға мың да бір шүкіршілік етіп, орталық мешітке бір жандық апарып, кемтар жандарға арнап садақа бердік. Тұла бойы тұңғышы, бауыр еттен жаралған Нұрсұлтанының аяққа тұрғанын көргенде ата-анасының да ризашылығында шек болмады.

Иә, дәрігердің айығып қатарға қосылар деген иманжандылық сөзінің өзі адамға сенім, қуат береді екен. Темірханның бір ерекшелігі кішіпейілділіктен кішіреймейсің демекші, әркез оның бойынан адами осы асыл қасиеті көрініп тұрады. Қазақта текті сөз бар, «түбіріне қарай бұтағы, тегіне қарай ұрпағы» деген. Темірханның әкесі Қуаныш Бердімағамбетов те кезінде ауыл шаруашылығын өркендету жолындағы ерен еңбегі үшін Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атағын алған қадірменді ақсақал. Жұбайы Үржан да өз өмірінде өрнегі қалған алтын құрсақты ана еді.

Міне, осындай тектіден шыққан баласы Темірхан неге осал болуы керек деген сауал туады көкейде. Енді Темірхан дәрігердің өмір жолына тоқталар болсақ, ол Жіңішкекүм ауылында дүниеге келген. Мектепті бітірген соң, Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік медициналық академиясында 1993 жылы түсіп, 2000 жылы «акушерлік және гинекология» мамандығы бойынша бітіріп шыққан. Алғашқы еңбек жолын Жаңақорған ауданы «Талап» ауылдық ауруханасында өз мамандығы бойынша бастады. 2001-2004 жылдары Арал аудандық КДП ЦУЗ кабинеті дәрігері, 2004 жылдан осы кезге дейін орталық ауруханаңың реанимация бөлімінің меңгерушісі болып абыройлы қызмет атқарып келеді. Еткен еңбегі елеусіз қалған емес. Мәселен, 2013 жылы облыс әкімінің Алғыс хаты мен аудан әкімінің «Жылдың үздік дәрігері» номинациясымен марапатталғаны да оның жемісті еңбек жолдарының бедері екенін айқындайды. Гиппократ антын қабылдаған Темірханның ақ халаттың ішіндегі ішкі жан-дүниенің аппақ екенін дәлелдеуге ұмтылып тұратыны сияқты асыл қасиетін бағалаған біздер бұл аса ауыр да жауапты жұмысына табыстар тіледік.

Аманжол ЖОЛМАҒАМБЕТҰЛЫ,
ҚСРО және ҚР білім беру ісінің озық қызметкері.
Арал қаласы.

ӨНЕГЕ

КІСІЛІК КЕЛБЕТІ

“Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат” – деп Абай атамыз айтпақшы, сырт қарағанда ол сияқты ашаң денелі, орта бойлы адамдар аз емес. Кездесулер мен сырласулар, сырласулардан, көп ретте бірге жиі араласулардан кейін кімнің кім екенін, адалдығын, азаматтығын, өткір сөздің шебері, мінезінің салмағын, ақ көңіл-ақжарқындығын, өзгеге өз ойын өжектемей тыңдататын парасатын, өкпелеткендерге де өті жарыла өшікпейтін болмысын тани түседі екенсің. Негізі жаратылысынан мейірімі мол адамдарды табиғи түйсік арқылы көбірек үйірсектейді. Сондай азаматтың бірі Әбдіраман Тұрғанов аға болса керек.

Мен, Әбекеңмен бір ауылда, бір мектепте оқып бірге өстік. Балалық шағымызда сол “Ақтайлақ”, “Өндіріс”, “Каганович”, “Көктөбе”, “Ақсай” елді мекендері мен Ленин кеңшарында бірге өтті. Балалық шақтың заманына байланысты қиындығы мен қызығын бірге өткердік. Жалпы Әбекең бала кезінен ақ жарқын, ақ көңіл, қолында бар болса өзгеге бергісі келіп тұратын, жастайынан жанұяда жоқшылықты көп көргендіктен болар, ерте есейген азамат. Сол бала кезіміздің өзінде ол жоғары сынып оқушыларымен бірге жүретін. Ауылда құрылыста қол жұмыс жасап жүріп, оқуға өз білімімен түскен ауыл жастарының алғашқыларының бірі болатын. Жоғары оқу орнында жүріп жеңгеміз Мәрзиямен шаңырақ көтерді. Мәрзия ауылда мектепте мұғалім, Әбекең оқуда болды. Оқу бітіргеннен кейін Семей, Талдықорған облыстарында офицер шенінде әскери борышын 2 жыл өтегеннен кейін аудан орталығындағы құрылыс мекемелерінде басшылық жұмыстарда абыройлы қызмет істеді. 1978 жылдан бастап ауданаралық “Колхоздар құрылысы” мекемесін басқарып, Қармақшы, Жалағаш аудандары елді мекендерінде үлкен құрылыс нысандарын салып, өз қолтаңбасын қалдырған тәжірибелі құрылысшы.

Аудан орталығындағы 50 орындық қонақ үйі, Жаңажол, Ақтөбе елді мекендеріндегі мәдениет үйлері, мектептер, Қармақшы, Жалағаш аудандарындағы бірнеше мал бордақылау алаңдары мен кешендер, тұрғын үйлер, әлеуметтік, мәдени, медициналық саладағы бірнеше мәні бар құрылыс нысандары салынып, Тұрғановтың басшылығымен пайдалануға берілгенін халық жақсы біледі. Соңғы 20 жылға жуық бар саналы өмірін Қармақшы ауданының бас сәулетшісі болып абыройлы қызмет жасаған Әбекең төрт бала тәрбиелеп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған ұлағатты, абзал азамат. Әбекең ешкімді алаламайтын, алдындағы ағалары мен соңына ерген інілерін бірдей көретін, елдің бірлігін сақтауға көбірек мән беретін ақсақалдығы басым. Айтар ақылы көп, соңына халық ерте алған елдің қуанышына, қайғысына араласуды ең бірінші кезекке қоя білетін. Әзіл сөзбен көп нәрсені аңғарта сөйлей алатын, сонау сұрапыл соғыстың аяқталуына бір жыл уақыт қалғанында өмірге келген асыл ағамыз бүгінде 70 жасқа толып отыр.

Әбекең екеуміздің жас арамыз 3-4 жас болғанымен, жан-жағын жақсы танитын, үлкенге іні, кішіге аға болуға жарайтын, адамгершілігі жоғары жолдас, дос аға, іні таңдай алатын бірден-бір азамат. Әбекең шындықтың бетіне тура қарайтын, сен үлкенсің бе, кішісің бе, билік басындасың ба, қарапайым жансың ба деп бөле жармай, бәріне бірдей көлгірсімей, көздеріне тура қарай алатын асыл мінезді кісі. Қай уақытта, қай кезеңде, қай мезгілде іздесең де алдыңнан күлімдеп шығып, қызметің бар басшысың ба, қарапайым қатардағы адамсың ба, қалтаңда пұлың көп байсың ба, әлде тек сәлеміңнен басқа ештеңең жоқ жансың ба, алаламай, бәріне бірдей қарап, қанша сәлем алып жүрсе де, қалт жібермей хабарласып, сенің амандығыңды, саулығыңды біліп отыруға асығып отыратын кісі екенін айту – менің інілік парызым.

Әбдіраман Тұрғановтың бүгінгі жетіп отырған бедерлі белесі, сындарлы өмір жолы жеткіншек үшін үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие. Ол кісімен бала кезімнен бірге жүрген, қызметтес болған кездерімізде ақжарқын көңілінен, артық әңгімеге бармайтын байсалды тұрғысынан, ұлағатты ұстанымынан, елмен, туған-туысқандармен етене араласуынан, жанының жомарттығынан, мінезінің даладай кеңдігінен, ешкімнің алдын кеспейтіндігінен, қандай бір жанның қасынан көкірек кере өтпейтіндігінен, қайта қайырыла тоқтап, қол алып, құшақ жайып, есен-саулық сұрап, тұра қалып амандасатынынан көп тағылым алдым десем, асыра айтқандық бола қоймас. Сондықтан болар, Әбекеңнің туысы да, ағайыны да, дос-жарандары да баршылық. Мұндай аңқылдаған, көңілінде кірбіңі жоқ кісіні кім жақын тұтпасын?! Бұл жалғыз менің пікірім емес, елдің, халықтың берер бағасы.

Иә, Әбекең туралы өзінің Алматы қаласында бірге оқыған достарының Қазақстан Республикасының түкпір-түкпірінде бірнеше облысты басқарған, Алматы қаласының және Алматы облысы әкімі болған Шалбай Құлмаханов мырза бірде Қызылорда облысына келген бір сапарында Әбекеңді іздейді. Сол кездегі облыс, аудан басшыларынан халжағдайын сұрайды. Сонда сол кездегі аудан басшысы Бекмырза Еламанов, Әбекең біздің аудандағы жақсы сыйлайтын ағамыз көпшілік арасында абыройбеделі жоғары кісі деп жауап береді. Сонда Әбекеңнің студенттік досы Шалбай Құлмаханов Әбекең туралы “ол қолында бар болса, жұртқа бөліп беріп, артына дүние жинауды білмеуші еді ғой” деген еді. Сондай достарының бірі бірде Алматы қаласында 60 жасқа толып Әбекеңді әдейі шақырып, қолына алтын сағат тағып, өзін жанұясымен бірге бірнеше күн қонақ жасап, құдайындай күтіп, шығарып салғанының куәсі болдық.

Міне, Әбекеңнің бар байлығы халқының бірлігі, ағайынның амандығы, бала-шағасы мен өзінің қосағы Мәрзияның саулығы деп білеміз. Әбекеңнің қатар жолдастары, інілері “Командир” деп әзілдейді. Ол әзіл емес, шындық! Әбекең адалдықтың, азаматтықтың, адамгершіліктің, парасаттылықтың, кішіпейілді аға, ініге, туған-тумысына, халқына деген ақпейілділіктің, жанашырлықтың жалпы елдің бірлігінің “командирі” іспеттес көрінеді маған.

Нұртілеу САЛЫҚОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

ҮЗДІК ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ КІТАП

ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ТҮГЕНДЕГЕН ЕҢБЕК

Қоғамымыздың арғы-бергі тарихында уақыт сынынан өте алмай талай халықтың қолымен жасалған тарихи ескерткіштер із-түссіз жоғалғаны туралы дерек аз емес. Тарихи-мәдени ескерткіштер елдің баға жетпес асыл қазынасы екенін түсіндірудің, насихаттаудың жас ұрпақты ұлтжандылыққа тәрбиелеу ісінде маңызы зор. Төл тарихын түгендеу мен зерделеуді өзіне мұрат тұтқан азаматтарымыздың қатары жылдан жылға көбеюде. Соның дәлеліндей, Сыр өңірі шежіресінің білгірі, зерттеуші-этнограф Тынышбек Дайрабай мен кәсіби заңгер, облыстық сот судьясы Молдабек Ахметов өлкемізді тану ісіне үлес қосуда.

Жақында олардың «Сыр еліндегі ескерткіштер- Памятники низовья Сырдарьи» атты еңбегі (Алматы. Киізкітап, 2014. 260 бет.) оқырман қолына тиді. Онда ежелгі дәуірлерден қазірге дейінгі үш жүзден астам археологиялық, архитектуралық, тарихи, мәдени ескерткіштер жөніндегі ғылыми негізделген мәліметтер әрбір аудан бойынша топтастырылған. Мәтіннің орыс тіліндегі нұсқасы қоса беріліп, энциклопедиялық үлгіде және фотоальбом түрінде әсем форматты қағазбен дайындалуы кітаптың құндылығын арттыра түскен. Тың туындының биылғы 29-30 мамырда Алматы қаласында өткен халықаралық көрме-жәрмеңкеде «Үздік ғылыми танымдық басылым» номинациясы бойынша екінші дәрежелі дипломмен марапатталуы жоғарыда айтылғанның жарқын айғағы. Авторлар сөз басында «Алаштың Анасы» атанған қасиетті мекеннің тарихына тереңнен бойлап, ондағы тіршіліктің бастау – бұлағы әрі ұстыны Сырдария өзенінің өткеніне шолу жасаған. Тұран ойпатында орналасқан Сырдың су нысаны арналарының эволюциясы бір-бірімен сабақтасқан мәдениеттердің қалыптасуына негіз болғаны және бұлардың көрші аймақтардағы елдердің мәдениеттерімен астаса дамығаны мазмұндалған.

Сыр бойының ежелгі тайпалық мемлекеттердің орталығы болғаны күмәнсіз. Бұған өңірімізде көптеп сақталған сақ, ғұн, қаңлы, оғыз-қыпшақ, кердері тайпаларынан қалған тарихи-мәдени ескерткіштер, көне қалалардың орындары мен қорғандардың қирандылары нақты дәлел. Әлемнің әр түкпірінен жол тартқан жиһанкездер Тұран ойпатында әсем қалалардың орналасқанын ерте замандардан-ақ білген. Олардан қалған жазбалардың бірқатары ғылыми қауымдастыққа жақсы таныс.

Кезінде Сыр бойы өңірін зерттеген патшалы Ресейдің мамандары мен ғалымдары да аса құнды еңбектер жазғаны белгілі. Одан бергі уақытта тарихи ескерткіштерді зерттеу, насихаттау арқылы туған өлкемізді халықаралық ғылыми қауымдастыққа, жалпы жұртшылыққа танытуға үлес қосқан, қосып жүрген небір археологтар, тарихшылар, этнографтар, әдебиетшілер мен басқа да ғылым саласы өкілдерінің ерен еңбектері өз алдына бір төбе. Авторлар бұл ретте Ресей ғылым академиясының Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы және оның алғашқы жетекшісі С.П.Толстов, қазақстандық ғалымдар Б.Сүлейменов, Ә.Қоңыратбаев, Ә.Жәмішев, М.Меңдіқұлов, С.Әжіғалиев, Ә.Байтенов, Т.Карамендин, Ж.Құрманқұлов, Т.Мәми сынды ғалымдардың еңбектерін ерекше атап өткен.

Сыр өңірінің тарихи-мәдени мұраларын зерттеу ісіне соңғы жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті ғалымдарының елеулі үлес қосып келе жатқанын атап айтуымыз қажет. Аталған оқу орнының археологтары сақ тайпаларының мекені Шірік-Рабат пен оғыз мемлекетінің орталығы Жанкент қалашықтарының орнын 10-15 жылдан бері қазып, зерттеп, онда табылған өте құнды тарихи маңызы жоғары ескі мүліктер жинастырылып музейлерге қойылып жүр.

Сыр өңірінде түркі мәдениетіне жататын көне қалалардың ізі көптеп саналады. Соның бірі қыпшақ-қазақ хандықтарының бас ордасы болған тарихқа белгілі Сығанақ. Сақ дәуірінен бері сақталған Бұланды, Бәбіш мола және қаңлы кезеңінің Жетіасар ескерткіштері әлемдік маңыздағы мұралар қатарына жатқызылған. Оғыз-қыпшақ дәуірлерінде (IX-XIII ғғ.) өркендеген Асанас, Баршынкент қалаларының XV ғасырға дейін жеткені де мәлім. Сыр өңіріндегі ескерткіштер ішінде асарлар мен көне қорымдардың алатын орны ерекше. Сауысқандық, Бағаналы қорымдарынан табылған жәдігерлердің тарихы кем дегенде 3 жарым мың жыл. Қола және темір дәуіріне жататын қорымдар да баршылық. Солтүстік Түгіскен мавзолейлері, Жетіасар мәдениетінің ескерткіштері – әлемге әйгілі жауһарларымыз болып саналады.

Облыс аумағында сақталынған ізі бар діни-рухани ескерткіштер өте көп. Бүкіл түркі халықтарына ортақ тұлға, данагөй философ Қорқыт баба мазарының XIX ғасырда Ә.Диваев түсіріп алған суретін де осы жинақтан көріп табасыз. Біз байқаған бір ерекшелік – авторлардың өз жеке мұрағаттарындағы осы тақылеттес сирек суреттерді кітапқа кеңінен ендіруі.

Халқымыз біртуар перзенттерін қашан да қадірлеп, қастерлеп, ардақтап отырған. Елімізге еңбек сіңірген тұлғаларға белгі қою үрдісі жыл сайын жағымды жалғасын табуда. Кітапта бұл санаттағы тарихи ескерткіштерге үлкен мағына бере отырып орын бөлінгені өте құптарлық жайт.

Жаһандану дәуірінде ұлттардың төл ерекшеліктерін сақтап қалуға жаңа буын халқымыздың ұмтылысы жылдан жылға күшейе түспек. Демек, тарихымызды тереңдететін, руханиятымызды шегендейтін мәдени мұраларымызды зерттеу, оларды жарыққа шығарып халыққа жеткізу ұлтымызды ұлықтаумен бірдей деген сөз. Олай болса, жақында жарыққа шыққан «Сыр еліндегі ескерткіштер-Памятники низовья Сырдарьи» атты кітаптың құндылығы міне, осында.

Қали ОМАРОВ,
ҚР Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының мүшесі.

ШИЕЛІНІҢ ШЫРАЙЫ АРТА ТҮСТІ

Сыр өңірінің көрікті жеріне орын тепкен Шиелі ауданының жылдан жылға көркейе түскенін мұнда табаны тиген әрбір азамат алғашқы сәттен бастап сезер еді. Ел Тәуелсіздігі, мемлекеттің дамуы барысында бұрындары күтімсіз қалған көшелері күрделі жөндеуден өткізіліп, асфальт төселінсе, түнгі самаладай жарық елді мекендердің мерейін асыра түскендей. Жаяу жүргіншілерге арналған соқпақтары да мұндағы қозғалысты ыңғайластырған. Жаңадан сәулетті қаншама ғимараттар бой көтерді. Халыққа тұрмыстық қызмет көрсететін жаңа жұмыс орындары ашылып, әлеуметтік деңгейдің көтерілгенінен хабар береді. Тұрғындар да осы сән-салтанатты сақтау жолында әр аптада ұйымшылдықпен сенбілікке шығып, тазалыққа ұқыптылықпен аталысып келеді. Осы үрдіс соңғы кездері бұрынғыдан да қарқын алып, Шиелі тіптен шырайлана түсті десек, асыра айтқандық емес.

«Береке басы – бірлік!», «Ырыс алды – ынтымақ» дейді қазақ. Сөз қадірін зейінімен зерделейтін халқымыз «Көп жұмылса, тау тұрар» дейді тағы да. Міне, өркениет көшіне өз сән-салтанатымен ілескен алып Қазақстанның басты табысының бірі – елдегі ауызбіршілік болса, осы талап тұрғысынан Астанадан алыстағы Шиелі де көріне білді. Бұл атқарушы билік пен халық қалаулыларының басы қосылатын мәслихат депутаттарының, аталы сөз айтатын ардагерлеріміздің, бата бере білетін ақсақалдарымыздың «бір жағадан – бас, бір жеңнен – қол шығара» білетіндігінің көрінісі.

Аймақтағы ең іргелі аудан Шиелі ауданының әкімі лауазымына бекітілгеніне үшінші айға айналып бара жатқан Қайратбек Сәрсенбаевты жергілікті жұрт жылы қарсы алды. Басшы да өзінің атқарушы билік құрамындағы мол тәжірибесін Елбасы бағдарламасының тиянақты орындалуы, елдің ынтымағы, мемлекеттің өркендеуі жолына нық қадаммен, үлкен сеніммен жалғастыра түсті.

– Шиелі – бұрыннан да көркем жер. Табиғаты да жақсы, жасыл желек пен бау-бақшасы да мол. Мұның бәрі еңбекке бейім аға ұрпақтың өнегесі мен үлгісі. Сол үрдіс үнемі сақталуы тиіс. Жуырда аудан орталығы мен елді мекендерді аралап көргенімізде көзге қораш кейбір кемшіліктер байқалып қалды. Мұны қалпына келтіргеніміз жөн. «Ауылына қарап азаматын таны» демекші, сырт көз қашанда сыншы. Елге келген қонақтардың, өтіп бара жатқан жолаушылардың біз жөнінде жақсы әсерде болуы өзімізге де мәртебе. Сондықтан да әрбір мекеме, кәсіпорын басшысы өз айналасындағы жағдайларға сергек қарап, тұрғындарға мәселені дұрыс түсіндіре білгені, қажет жағдайда мүмкіншілігіне орай жәрдем беруден де тартынбағаны жөн. Тазалық пен реттілік жүйелі жұмыс кепілі, – деп орынды ескертті.

Еліміздің Тұңғыш Президенті, Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың ел бірлігін жарастыру саясатының діңгегі міне осындай алыс ауылдардан бастау алуы расында құба-құп шаруа. «Бұл – бірлік пен келісім, күшті саяси ерік-жігер және стратегиялық даму басымдықтарын айқын түсінушілік», – дейді мемлекет басшысы сөйлеген сөзінде. Жаңа қоғам қалыптастырып жатқан елде болашаққа серпінді серпіліс туғызуға ұмтылу еліміздегі әрбір азаматтың, қоғам мүшесінің міндеті. Мынау «атқан оқтай, шапқан аттай» зымыраған уақыт көші кешегі марғаулықты көтермейді. Осы орайда шиеліліктердің уақыт тынысын дәл сезе білгендігіне сүйсініс білдіргеніміз жөн.

Аудан көлемінде үстіміздегі жылы сегіз әлеуметтік нысан құрлысын жүргізу жоспарланса, оның 5 нысанының құрлыс жұмысы толық аяқталып, 1 нысанға қайта жаңғырту мен қосымша құрылысы жүргізіледі. Ал екі нысанның құрылысы өтпелі. Сондай-ақ, 5 ауыз су, әкімшілік ғимарат, 1 инженерлік инфрақұрылым құрылысы жүргізілу үстінде.

Мемлекет басшысының қадағалауы бойынша жер-жерлерде әлеуметтік нысандардың көптеп салынып, пайдалануға беріліп келе жатқандығы белгілі. Бұл жақсы жағдай Шиелі ауданында жалғасын тауып келе жатқандығы көпшіліктің көңілінен шығып келеді. Мәселен, аудан орталығында салынып жатқан 1200 орындық мектеп ғимаратының сметалық жоба құны 1 млрд. 617 млн. теңге тұрса, оны жүргізуші мердігер тамыз айына толықтай аяқтауға сөз беріп отыр. Алғашқы

кезеңде үзілісі көбірек болған құрылыстың қарқын алуына әрине аудан әкімшілігінің араласуы өз жемісін берді деген сөз. Сол секілді Бестам ауылында да 300 орындық жаңа мектеп жуырда пайдалануға беріліп қалады деп күтілуде. Бұған Бидайкөлдегі селолық дәрігерлік амбулаторияның тұрғызылуын қосыңыз.

Бәйгекүм ауылында бұрынғы ескі клуб үйінің апатты жағдайы жұртшылықты алаңдатушы еді. Енді ол 150 орындық болып жаңадан бой көтереді. Бұл жағымды жаңалық Қодаманов ауылына да жұғысты болып, онда да жаңа клуб үйінің құрылысы басталды. Ал Балаби ауылында 900 орындық мектеп, Майлытоғайда 150 орындық мектеп құрылыстары мамыр айынан басталып та кетті.

Кофтунов атындағы орыс-қазақ мектебі ғимаратын қайта жаңғырту және қосымша құрылыс салу жұмысы қызу жүргізіліп, тұрғындардың ризашылығын туғызды. Ол үшін облыстық бюджеттен 308 млн. теңге бөлінді.

Нарықтық қатынас заманында әуелі қаржы жағдайы сөз етілетіндігіне сай нақты кезеңге аудандық бюджет кірісі болжамдалған 3 млрд. 730 млн. теңгенің орнына 3 млрд. 786 млн. теңгеге немесе 101,5 пайызға, оның ішінде өз кірісі 760 млн. теңге болып 107 пайызға орындалды.

Есепті мерзім ішінде жергілікті бюджет шығысы 3 млрд. 696 млн. теңгеге игерілді.

Бұрыннан ауыл шаруашылығы қалыптасқан ауданның өнеркәсіп өндірісі және кәсіпкерлік саласындағы жетістіктері аймағымызда алдыңғы орындарда екендігінен жалпы жамағат хабардар. Сөзіміз жалаң болмас үшін цифрларды сөйлетіп көрсек, ол былайша тарқатылар еді. Аудан көлеміндегі кәсіпорындар 2014 жылдың 5 айында 9 млрд. 998 млн. теңгенің өнімін өндіріп, өнім көлемі өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда нақты көлем индексімен 104,3 пайызды құрады. Мұның алдағы уақытта жоғарылай түсу мүмкіндігі бар.

2014 жылдың 1 маусымына ауданда шағын кәсіпкерліктің 3685 субъектісі тіркелген. Жыл басынан жұмыспен қамтылған адамдар саны – 6318. Өткен жылдың осы кезеңіне кәсіпкерлік субъектілерінің тіркелуі бойынша 11 пайызға, жұмыспен қамтылған адамдар саны 4,9 пайызға өсіп отыр.

Есепті кезеңге бөлшек сауда айналымы 1 млрд. 789 млн. теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 108,7



пайызды құрады. Оның ішінде базарларда 825 млн. теңгенің сауда айналымы болды.

Ауыл шаруашылығы саласы жөнінде айтар болсақ, үстіміздегі жылғы есепті мерзімде ірі қара – 40 985, қой-ешкі – 83 538, түйе – 1 157, жылқы – 9 491, құс – 15 677 басты құрады.

Осы уақытқа тірілей салмақта 1578,7 тонна ет (1935 тн), 6137,3 тонна сүт (7307 тн), 277,5 мың дана (650 дана) жұмыртқа өндірілген. Нәтижесінде, салыстырмалы бағамен есептегенде 1088 млн. теңгенің ауыл шаруашылығы өнімі өндірілген. Бұл есепті кезеңге шаққанда 101,6 пайызды құрады.

Шиелі ауданы жоғарыдағы тәуір көрсеткіштерімен қатар инвестиция, құрылыс, көлік салалары бойынша да жақсы нәтижеге ие. Есепті мерзімде негізгі қорға 3 млрд. 50 млн. теңге инвестициялық қаржы салынды немесе өткен жылғы есепті кезеңмен салыстырғанда 93,4 пайызды құрады.

Білім саласы бойынша биылғы жетістіктері де облыста алдыңғы қатарда ҰБТ-ға қатысқан 583 түлек орташа 75,1 балл жинады. 19 оқушы ерекше үлгідегі «Алтын белгі» үміткері болса, тест қорытындысы бойынша 9 оқушы өз білімін дәлелдеп, 3 оқушы «Үздік аттестатқа» ұсынылды. Алдағы күндерде мемлекеттік грант иегерлері де белгілі болып қалады. Соның нәтижесі бойынша шежірелі ауданның мектеп түлектері мол мүмкіндікке ие болады деген сенім зор.

Индустрияландыру картасы шеңберінде ауданда 2014 жылдың 1 маусымына аймақтық үйлестіру кеңесімен 4 жоба мақұлданды. Олар жобалық құны 612 млн. теңгені құрайтын «Мия Шиелі» ЖШС-ның мия өсімдігі тамырын өңдеу зауыты ағымдағы жылдың қаңтар айында аймақтық үйлестіру кеңесінің оң қорытындысын алынып, картаға енгізілді. Жаңа жұмыс орындары 50. Қазіргі таңға жер телімі алынып, құрылыс жобалау жұмыстары жүргізілуде.

Жеке кәсіпкер Бөкенбаева Үміттің жобалық құны 3,6 млн. теңгенің кіші балық өсіру тәлімбағы (питомнигі) жобалары аймақтық үйлестіру кеңесіне ұсынылып мақұлданды. Жаңа жұмыс орны – 4. Қазіргі таңға жер телімі құжаттары дайындалуда. Сондай-ақ, «Шиелі тас» ЖШС-ның жобалық құны 602 млн. теңгені құрайтын силикат кірпіштерін өндіру зауыты жобасы аймақтық үйлестіру кеңесіне ұсынылып мақұлданды. Жаңа жұмыс орындары – 59. Қазіргі таңға жер телімі құжаттары дайындалуда. Сонымен қатар «Шиелі сапаржайы» ЖШС-ның жобалық құны 400 млн. теңгелік халықаралық туристік сапаржай құрылысы. Жаңа жұмыс орны – 32. Қазіргі таңда жер телімі құжаттары дайындалу үстінде.

Сонымен бірге өңірлік Индустрияландыру картасына ұсыну үшін «Тұлпар 2000» ЖШС-ның жобалық құны 354 млн. теңгелік асфальт-бетон зауыты құрылысының сметасы дайындалуда. Ондағы ашылатын жаңа жұмыс орны 53 болады деп жоспарланып отыр.

Әрине, аталмыш шаруалардың өз дәрежесінде орындалуы атқарушы биліктің пәрмені мен қабілеткарымына байланысты. Ал оны өрістетуге аудан әкімі бастаған атқарушы биліктің мүмкіндігі жеткілікті екендігіне сенім бар.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Шиелі ауданы.

ЖАНҚОЖА БАТЫР – 240

Ақеділ ТОЙШАНҰЛЫ,
Түркі академиясының ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты

ЕЛ ҚОРҒАНЫ – ЕР ЖАНҚОЖА

(Тарихи эпос негізінде)

Халық батыры Жанқожа Нұрмағанбетұлы – (1774-1860 ж.) XIX ғасырдың 30-60 жылдарында өріс алған Хиуа, Қоқан хандықтарының езгісі мен Ресей отаршылдығына қарсы ұлт-азаттық көтерілісті ұйымдастырған дарынды қолбасшы, елді тура жолға бастаған әділетті би, тақуалығымен аңызға айналып әулие дерлік дәрежеге жеткен әйгілі тұлға. Жанқожа батыр туралы тарихи жырларда сол замандағы халықтың басынан кешкен түрлі қиыншылықтар, Хиуа, Қоқанның залым бектерінің елге салған ауыр салығы, зорлық-зомбылығы, орыс отаршылдарының сұғанақтығы, сонымен бірге сыртқы жауға сатылып, оларды ел ішіне енгізіп, өз елін дұшпанға талатқан опасыз жандар мен осы зобалаң, іштей іріген топалаңға тойтарыс беріп, елдің еңсесін тіктеген ерлер мен билердің қажырлы күресі терең суреттеледі. Жаулардың құрған қанды қақпанын басып, шырқы бұзылғанымен ел басына бұлт үйірілген шырғалаң шақта бір тудың астына, бір батырдың қасына жиналып, тез арада береке-бірлікке келіп, сол арқылы даңқты жеңіске жеткен ел татулығы мен қайсар рухының көрінісі жырда шынайы сомдалады.

Жанқожа батыр он жеті жасында қарақалпақ Тықы батырды жекпе-жекте өлтіріп, өз ауылында содырлар сойылынан шейіт болған «Дәрменқұл бидің әкесі Жылқыайдардың» қанды кегін қайтарады (Лұқпан Кенжеұлы нұсқасы). Бекініс салып, бұхарлықтардың күшіне сүйеніп ел-жұртты талап-тонаған Тықы батыр бастаған қанаушылардың әрекеті былай:

Тықы батыр құрапты,
Қарақалпақтың қауымын.
Сырдарияның ойынан,
Жердің алып тәуірін.
Көрсетті кемдік қазаққа,
Баса тоқып жауырын.
Ектіріп, тиыш қоймады,
Арпа, бидай, қауынын ...

Тықы батырдың қаласын шапқанда қол бастап барған Қылышбай олжа үлестіргенде араны ашылып, өзінің күйеуі мен атасын бай қылады. Елеусіз тайға мініп барып ер атанған Жанқожа бұған ренжіп қалады, Қылышбайды балталап, әділет орнатады. Жырдың Орнықбай Сұлтанұлы нұсқасында ол туралы былай деп қара сөзбен баян етеді:

«Кеш демін алып, ертеңіне келсе, қаралпақ қашып кетіпті. Қылышбай көп олжа алып, елге қайтты. Батыр Қылышбайдың істеген ісін жақтырмаса да үндемеді. Өйткені, ол «Жылқайдардың қаны үшін, қазақтың ары үшін» деп аттанған-ды. Олай емес, дәл қазір олжа үшін аттанғандай болды. Оның үстіне біреу: – Батыр жаудан алған екі түйемді Қылышбай тартып алды», – деп шағым білдірді. Батыр Қылышбайға келіп: – Мынаның түйесін бер, – деді. Қылышбай бермеді. Сол жерде Қылышбайды балтаның желкесімен бір ұрып, әлгі адамның түйесін әперді. Елге келгесін болған оқиғаны әкесі есітті. Нұрымбет пен Қылышбай екеуі жасты-тұғын. «Әкеңе қолың тиді», – деп Жанқожаны әкесі мойнына арқан тағып алып барды. Сонда Қылышбай: – Босат, баланың мысын қайырмай. Кінә өзімнен. Бала да болса, бізден ақылы артық. Ерді баулап ер қылады. Елдің басын құрап, ел қылатын осы болады. Онан да налымай, балаға батамызды берейік, – деп, екі шал батасын берді. Бірақ Қылышбай сол науқастан бас көтермей жыл жатып, дүние салды... Сонан бастап «Нұрымбеттің шолақ найзалы баласы» аталып кетті».

Міне, осылайша қаршадай бала кезінен-ақ Жанқожа тура би бейнесінде көріне бастайды. «Үлкенге қолың тиді» деп әдептен аттаған жас батырдың мойынына арқан тағып, ауыр айыптаған әкесі де, жас перінің бір жолғы назын кешіре білген Қылышбай да елдің сүттей ұйыған береке-бірлігінің, әдебі мен ізетінің нық шегедей күзетшілері екендігі байқалады. Бала Жанқожаның Қылышбайды балталауы, оның батырды кешіруі жырдың барлық нұсқаларында ұқсас кейіпте кездеседі.

Өз ұлын жұрт ынтымағы жолында аянбай құрбандыққа шалуға ниет қылған батырдың әкесі де қара қылды қақ жаратын әділ би екендігі көрінеді. Ал өлім халінде жатқанымен парасат пен мейірбандылықтан жаңылмай, Жанқожаның жастық желігін кешіріп, жігерін жасытпаған, ақ батасын берген Қылышбай да отансүйгіш көрегендігімен жырда дараланып тұр:

Мен кешемін қанымды,
Қадірімді білсеңдер.
Жанқожаны қолдаған
Жеті ғайып ерендер.
Өзімнен болды білместік,
Бетіне келіп жүрмеңдер.
Маған ұрған балтасы,
Жауға қарсы тигендер.

Бабажан сарт бастаған қоқандықтардың Сыр еліне келуі жырдың әртүрлі нұсқаларында әртүрлі жағдаймен байланыстырыла баяндалады. «Жанқожа батыр мен Бабажан сарт» нұсқасында Бабажан жырынды қарақшы, дүмше молда, алаяқ саудагер кейпінде, ал, жыршысы белгісіз нұсқада Бабажан Хиуа ханы Ережептің бұйрығымен екі мың әскерін бастап момын қазақты тонауға келген басқыншы. Орнықбай Сұлтанұлы нұсқасында Бабажанды елге бастап әкеліп, ағайын арасына алалық тудырған, кекшіл, жікшіл Раманқұл батырдың аталас туысы болып келеді.

Жырда қалың Алаш жұртының бұзылмаған бірлігі мен айбыны ешкімге дес бермейтін қара құрыш екендігі батырдың ағасы Ақмырзаның аузымен қоқандықтарға қаратыла былай деп айтылады:

Жағалай жатқан жеті ру,
Алшынның ұлы үш ру,
Кіші жүзге жатпай ма?
Басын қосса барлығы,
Хиуаңменен қосақтап,
Айдаһардай жұтпай ма?
Болат буып белсеніп,
Бетпе-бетке келгенде,
Тұқымыңды құртпай ма?

Өкініштісі, болаттай берік болған осы жарасымды ынтымақ қоқандықтарға сатылған кеккұмар, бақас Раманқұл бастаған ағайынның алалығы салдарынан іштей іріп сетінейді.

Ол туралы жыршы Орнықбай Сұлтанұлы былай дейді: «Раманқұл 1825 жылдар шамасында он бестей биді ертіп Хиуаға аттанды. Асан Сүтемгенұлы Айбосын, Абланның ұлы Тәуір, Асан Жақайым Данабай, Татыран Өтебайұлы Тәбекен, Жаппас Өтетілеу, Асаннан Жанділдә, Байділдә және сол сияқты билер еді. Ол кезде хан Мәдірейім еді. Раманқұл өзінің келген жұмысын айтып, көшпелі халыққа мешіт салдырып, әрі пітір-зекет жинатып, халықты отырықшылыққа, тәртіпке шақыратын хан керек екенін айтты. Хиуа ханы Раманқұлдың ол ойын орынды деп тауып, Сыр бойына датқалыққа Бабажанды дайындады.

Сонымен Бабажанды әкеліп, көне Жанкенттен он үш шақырым жерде қала салып, Бабажанды отырғызды. Қамалда мыңға жуық Хиуа мылтығымен жарақтанған қарулы әскер шоғырланды. Өзі жиеней Мәйтінің Сүресіне қала салып, мен екінші бекпін деп отырды. Бірақ олай да отыра бермей, үнемі Бабажанды Жанқожаға қайрап салумен айналысты. Біреу пітір-зекет төлемей, қашып кетсе де, кім ханға қарсылық көрсетсе де, жаласын Жанқожаға жаба берді».

Қорқау қоқандықтар елге келген соң малдан зекет, егіннен үшір салығын алады. Момын жұртты басынып, меңсіз қара жорға қозыдан, он екіде бір гүлі ашылмаған сұлу қыздан салық салады. «Бабажанның қорлығы, Қазақтарды налытты. Қазақтың тәуір әйелі, бетіне күйе жағыпты» дегендей ауыр зобалаң орнайды. Ал Бабажанның билігін нығайтып, қолын ұзартып жүрген опасыз Раманқұлдың үгіті мынау:

Қамтыды «қазағым» деп қалың көпті,
Деген бар: «хан – бұйрығы, қожа – үкімі»
Патшалы ел табады әділетті.
Іргесі Бабажанның Хиуада,
Тағына талай жандар тәжім етті.
Беруге бастан – пітір, малдан – зекет
Әзелде ақ Пайғамбар ләзім етті».

Елден зекет жинап жүрген Раманқұлға бетпе-бет айқасқан қаһарман тұлға батырдың туған ағасы – Ақмырза. Ол зорлықшыларға қарсы шығып, халықты бостандыққа үндейді, сатқын Раманқұлға былай деп тойтарыс береді:

Қазақты қайда барса зар жылатып,
Дұшпаным өзбек болған о бастағы.
Бегіне бағынбаймын бөтен елдің,
Халықты қан жылатып неше бөлдің.
Халық үшін хан керек деп өтіл айтып,
Мен саған қай уақытта хабар бердім?
Бойынан өз өлкеңнің орын таппай,
Хан болсаң, қаңғалақтап неге келдің?!
Қайталап осы сөзді ашуланып,
Дауысы қатты шықты Ақмырза ердің.

Жыршы Орнықбай Сұлтанұлының нұсқасында ағайынның арасына іріткі салған қоқандықтардың лаңы мұнымен аяқталмайды. Ақмырзаны ұстап алған Бабажан сарт: «Інің Жанқожаны өлтірсең, өзің тірі қаласың, менімен тату болсаң, бек болдырам, басыңа алтын тәж кигізіп, алтын таққа мінгізем», – деп азғырады. Осылайша ата салтта болмаған айуандыққа арыстай азаматты көндіріп, елді рухани азғындықтың дертіне шалдықтырып, бетіне таңба, сүйегіне дақ салып, ар-ожданын ластағысы келеді. Қол-аяғын байлап, қойны-қонышына тас толтырып, дарияға атқалы тұрғанда дұшпанға бас имеген өр Ақмырза былай деп соңғы сөзін айтады:

Аман жүрсе Жанқожа,
Бұл араны таппай ма?
...Алтындаған тағыңды,
Тәж кидірген бағыңды,
Апарып отқа жақпай ма?
Арыстандай ашумен,
Аузыңа құмды толтырып,
Артыңа қазық қақпай ма?
Қазір шалқып тұрсаң да,
Тап сол арада білерсің,
Қазақ қайда, сарт қайда?!

Жырдың Орнықбай Сұлтанұлының нұсқасында бір жағынан Қоқан мен Хиуа хандығы, бір жағынан орыс отаршылдары елді езіп, талауға түсірген дүрбелең заманда Жанқожадай батыр жауға жеке шаппай, сол кезеңде алты Алашты азаттыққа



ізгіліктен жеңілетіні, қатал дұшпанның ауыр және шұғыл жазаланатыны, сыртқы жау бүлдіріп, бұзған әділдікті батыр қайтадан қалпына келтіретіні – формулалы машық. Жанқожа батыр жырында да осы дәстүр қолданылған. Жанқожа Жанкент қамалын талқандаған соң әділ би мәртебесінде көрініп, өмірі бейнетпен өткен Аппаз бастаған үштөрт құлға бостандық береді, ал жауыз Бабажан сартты халық алдында ауыр жазаға кескені баян етіледі:

«Батыр Бабажанды халыққа салып: «Қара қозы мен күніне ер көрмеген қыз деп халық бүліндіргені рас па?» – деп үш айқайлады. Халық: «рас» – деп үш айқайлады. «Онда артына қазық қағып өлтірілсін», – деді батыр».

Жанқожа батыр Созақ бекінісіне шабуыл жасағанда Кене хан қолымен тізе біріктіріп шайқасады. Жырлардың барлық нұсқаларында Созақты қоршаған үш жүздің қолы жеңіске жете алмай (бес күн) дағдарып тұрғанда ханның өтінішімен қолы жеңіл, ғайып ерен пірі бар, сан мәрте қоқандықтарға соққы берген тәжірибелі Жанқожа он жігітті таңдап ертіп алып (кей нұсқада жалғыз өзі жасырын барып), бекіністі талқандап, қақпаны бұзып шабуылдайды. Осылайша дәстүрлі поэтикаға сай жыршы кейіпкерінің ерлігін мыңнан оқшау етіп, даралап сомдайды.

Жыр-аңыздарда Жанқожаның олжаға еш қызықпайтын, біреудің ақысын әсте жемейтін тақуа, әулие жан екені айтылады. Жыршы Лұқпан Кенжеұлы «Қолына нәрсе алмайды, кәпір қалмақ, жүйіттен» десе, Мұсабай нұсқасында «Орыстың алмай кетті сөлкебайын» дейді. Қарман Сұлтанұлы нұсқасында батырдың диқаншының мандай тер ақысы бар деп бидайдан тартылған нанды жемей, құмда өсетін құмаршақты жеп, орыс әкелген шайды татпай, малдың шұбат, сүт-айранын ғана қорек еткенін айтады. Бұл мінездеме тарихи деректермен де үйлеседі. Зерттеуші И.В.Аничков Орынбор әскери губернаторы 1848 жылы 4-мамырда №610 өкіммен жыл сайын 200 рубль күміс алуды ұсынып, жасауыл шенін бекіткенімен, батыр бұл ақшаны ешқашан қабыл алмағанын жазады.

Созақ бекінісін шапқан Жанқожа хан сарайынан бір қоржын алтын, оқ-зеңбірек тауып алып Кене ханның құзырына ұсынады. Зеңбіректі ханға олжа етіп, алтынды үш жүздің баласына тең үлестіруді сұрайды. Бірақ Кене хан «батырдан сауға, ханнан сарқыт» салты бойынша алтынды хан қазынасына алуға тілек білдіреді. Сол кезде Жанқожа батыр былай дейді:

– Ал, – деді, – алтын болса сұрағаның,
Ерлігің – елдің басын құрағаның.
Үш жүздің осы арада басын қосып,
Дұшпанды қойдай қырып қуаладың.
Туысқан – түбі бірге атам қазақ,
Жоқ екен бөтендігі іні-ағаның.
Сыртыңнан саулығыңа тілектеспіз,
Ойласаң Кіші жүз де өз адамың.
Соны айтып жолдасымен батыр қайтты,
Тұманнан бір арылтып дала таңын.

Осылайша Жанқожа батыр туралы жырларда халықтың бірлігі мен ынтымағы қиын-қыстау сын сағатта елді азаттыққа алып шығатын алтын кілт екендігі айтылады. Жырда сыртқы жаумен ымыраласып, елді бүлдірген сатқын Раманқұлдың әрекеті қатаң айыпталады. Нұрымбет, Қылышбай, Ақмырза, қарт Ақтан, Тілеулі бастаған батырлардың жұмылған жұдырықтай бірлігі бостандық жолында халықтың алдынан жанған нұрлы шырақ секілді өрнектеледі. Жанқожаның әділдігі, ел иесі хан Кенемен тізе қосуы, хандық дәстүрлі билікті тұрақты қолдауы – бостандыққа деген халықтың жанқиярлық ерлік күресі мен арман-аңсарының көрінісі еді. Жанқожа батыр туралы эпостың барлық нұсқаларында Алашты азаттық пен жеңістерге жеткізіп, сыртқы жауды күйретуге басты себеп болған негізгі құндылық халық бірлігі екені осылайша шабытпен жырлана

ӘЛДИ, ӘЛДИ, АҚ БӨПЕМ

БЕСІК ЖЫРЫ

неге тасада қалып барады

Қазақ халқы салт пен дәстүрге бай ел. Өмірге бала келгеннен бастап шілдехана, бесікке салар, тұсаукесер сынды салт-жоралғылар жасалады. Нәресте бесікке салынып, бесік жыры айтылады. Бесік жыры – сазды әуенмен, ырғақты, мағыналы, мазмұнды сөзбен сәбиді уатып, тыныштандырады. Жүйке жүйесіне жағымды әсер қалдыра отырып, сол арқылы алғашқы тәрбиенің нәрін сіңдіреді. Үлкендер бесік жырын тыңдап өскен баланың болашағы зор, үлкен азамат болып қалыптасады деп үміт күткен. Негізінен мақалаға түрткі болғаны қазіргі кезде бесік жырын айту санадан өшіп бара жатқаны кімнің болса да жанына бататын жайт екені. Әрбір балалы үйдің шаңырағынан естілетін жырдың орнына бүгінде заманауи әндер орындалады. Бұған күнделікті өзімізде куә болып жүрміз. Бұл қалай? Дана халқымыз лар саны артып, үлкендер жасайтын қылмыстық әрекеттерге бой алдыруда. Расында бала тәрбиесі қиындап барады. Олармен жұмыс жасау да оңай шаруаға айналмай отыр. Қазақы салт дәстүрден алшақтап, есесіне батыстан келген дүниелерге әуес болып барады. Міне, осыдан шығатын қорытынды – бесік жырын білмейтін жастардың қазіргі жай-күйі. Енді тақырыпқа қайта ойысайық, қазіргі ата-аналар бесік жыры түгілі, балаларын бесікке салмайды. Оның орнына ағаш төсек (манеж) қолданады. Бесікте жатқан баланың қол-аяғы түзу, ұйқысы тыныш болады деп әжелеріміз үнемі айтып отыратын.

«Бесік жырынсыз өскен бала рухани мүгедек» деп бабаларымыз бесік жырының маңыздылығы мен болмысын әу бастан-ақ айтып кеткен. Сондықтан дүниеге жаңа келген сәбидің өмірге деген

құштарлығы мен сүйіспеншілігін қалыптастыратын алғашқы қадам ол анасының жан жүрегімен, назды үнімен шырқаған бесік жыры.

Жасыратын несі бар, қазір жас аналар балаларын ұйықтату үшін бесіктің бас жағына ұялы телефонды қойып, шетел музыкасымен қосып тербетеді. Келіндерге ұлттық өнегені көрсетіп, тәрбие беретін енелер де азайды. Алайда, бұл әуенді орындайтындарды ауылдан ғана кездестіре аламыз. Себебі қалада бесік жырын айтататын әже, апаларымыз сирек деп айтуға болады. «Бесік жырын немереңізге айтып бересіз бе?!» деп Іңкәр Әденқызы апамызды әңгімеге тартқан едік, іштегі біраз шерін бізбен бөлісті. "Қазір бесік жырын айтып отырған келінді кездестірген жоқпын. Баласына даңғырлаған мағынасы мен мәні жоқ әуендерді тыңдатады. Бір жағынан бұл үлкендердің де кінәсі. Бірақ өзіміз жас кезімізде бесік жырын үлкен енелеріміздің естіп, балаларымызға да айтып бердік. Енді үйдегі кішкентай немерелеріме де айтамын. Құдайға шүкір, қазір тәуелсіз, дербес еліміз. Әдет-ғұрпымыз қайта жаңғыруда. Немерелерімді бесікке өзім салып, бесік жырымен ұйықтатамын. Келініме үнемі айтып отырамын «бесік жыры баланы тыныш ұйықтатып қоймай, барлық қазақы болмысты бойына дарытады» деп.

Расында, бесік және жыр бұл екеуі ажырамас егіз ұғым. Киелі және қасиетті, ештеңеге айырбастамайтын құнды дүние. Ана бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен деген тәлімі мол, тағылымы кең мәтелдің астарына терең үңіле білейік.

Тал бесікте тербеліп жатқан бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі деген нақыл бар. Бесік жырының ұрпақ тәрбиесінде маңызы ерекше екенін ұмытпайық.

Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

"Тәрбие тал бесіктен" деп тегін айтпаса керек. Шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап алғаш болып еститін бесік жыры неге өзгерді?

Иә, бесік жыры көнеден келе жатқан дәстүр. Бала кезімізде үйдегі кішкентай нәрестені көпті көрген, шаңырақтың қазыналы қарты, ақ жаулықты әжеміз бесікке бөлеп, әндетіп жататын. Мұны бесік жыры дейтін. Ақ орамалы төгіліп, қолындағы әшекейлері сыңғырлап бесіктегі сәбиге бар ынтасын аударып, "Әлди, әлди, ақ бөпем" деп емірене бастайтын. Сол уақытта немерелері де қаумалап, "әже, маған да әлди айтшы, ұйқым келді" деп алдына жата қалатын. Қандай әдемі көрініс десеңізші! Кейде кішкентайлар түгілі, естияр болсақ та, сол әннің әсерінен бойымыз балқып, ұйқымыз келетіні жасырын емес.

Жалпы, бесік жырында ата-анасы баласының болашағынан үлкен үміт күтетінін және олардың махаббаты, ой арманы, ігзі тілегі, ақыл өсиеті айтылып, астарлы айқындалатын. Бесік жырын тыңдап өскен баланың тілі ерте шығады, есте сақтау қабілеті де жақсы дамиды деп естіп жататынбыз. Мұны үлкендер аузынан тастамайтын.

Ал, бүгінде кейбір жас ата-аналар бесік жырын айтуды құп көрмейді. Есесіне қазіргі заман талабына сай мағынасы жоқ, мазмұны арзан, бір сөзді бірнеше рет қайталайтын сапасыз әндерді бала санасына сіңіреді. Соның салдары болар соңғы жылдары елімізде тәрбиесі қиын бала-

ОЙ – СӨЗДІҢ БҰЛАҒЫ

АҚ ЖОЛЫҢНАН АДАСПА

Күндегі шалшуағымызға ақсақал ағамен екеуміз келіп жайғасқан соң, бір-біріміздің сөзімізге бас изесіп ұзақ отырдық.

– Қайдам, шырағым, мына тоқсан деген қарай төтелеп тартып келеміз. Қай күні, қай сағатта ырзық-несібеміз қай жерде таусылатынын бір Алла біледі ғой, сексен дегеніңнің сеңгірінен асқан соң алдыңа сеніммен қарай алмай, көңілің үркек тарта береді екен.

– Е-е, інім, со-л-ай! «Іздеп келер інің болса, бақытың барын содан біл. Аңсап келер ағаң болса, аруағың барын содан біл» дегендей, сендей сөз тыңдар інілеріміздің көп болғаны біз үшін мақтаныш. Жылқыда да жылқы бар – қазанаты бір бөлек, жігіт те де жігіт бар – азаматы бір бөлек. Сол жігіттердің ішінде ойы озық, сана-сезімі жоғары, қайырымды, кішіпейіл сөз ұғарын айт.

– Я-а, "ұлыларға – қызмет, кішіге – ізет, мүсәпірге – жақсылық, дос-жаранға – насихат, дұшпанға – қайырымдылық, ессіздерге естелік жасап, ғұламаларға құрмет етумен өмір сүр" деп хакім Ұлықпан бекер айтпаған болар. "Ақын жалтақ болса, ақиқат адасады" деген сөздің мағынасын түсіне білсек кәні.

– Адамдардың өзара қарым-қатынасынан дұрыс қорытынды шығарып, оны қағазға түсіре білген баспасөз адамдарын мен, көзіңше айтты деме, дана дер едім. Олар жазғандарымен өз халқын басқа елге данакемеңгер етіп көрсетеді. Онысы кейінгі ұрпаққа да тәрбие.

Бір мысал:

– Баяғыда Жәңгір ханның ордасына келген Исатай мен Махамбет ордада оңаша отырған сарай ақыны – Қыдырбайға кездеседі. Хан тысқа шығып кетсе керек. Екеуі ақынды ортаға алып: "Ханды жаманда" десе, ол аттонын ала қашады. Сонда Исатай: "Қысқы соғымға бір семіз байтал беремін" десе, Махамбет те: "мен де біреуін беремін" деп, қолқа салады. Дүниесі құрғыр оңай ма, жан-жағына қарап алып Қыдырбай:

– Құдайым жауыз ханға жолықтырма,

Жолықтырма дегенім болып тұр ма... дей бергенде есіктен хан кіріп келіпті. Сонда ақын:

– Жәңгір ханның жанына саулық бергей,

Ханымыз мұнан өзге толып тұр ма, – деп, тез жалт берген екен.

Сондай-ақ, Махамбетше хан бетіне тіке айтатын тарлан ақындар қайда?!

– Біреулер аз күндік бақыты үшін, аз күндік нәпақа үшін көпе-көрінеу ұрыларды қолдайды. Бұл дегенің оның өзі де сол ұрлыққа бой алдырып, сыбайлас болды деген сөз. Бұл дүниеде маған осындай ұрылар көбейіп бара жатқандай көрінеді. Ең бастысы, халық дана, кімнің ақ, кімнің қара екенін ажыратып береді. Менің осы жасқа дейін бір түсінбей келе жатқаным, ақ адал деген азаматтарымыз ақ жолдан аш шортандай ауға түсіп жатады. "Тегін ірімшік тек қақпанда ғана жататынын" солардың сезбейтініне таңым бар. "Жердегі жем аспандағы құсты ұятқа қалдырады" деген сол.

– Ал енді, сен, қаламыңды ыңғайлап мына сөздерді дұрыстап тыңда, – деді ол маған күлімсірей қарап.

– Адамдардың өзара қарым-қатынасынан дұрыс қорытынды шығарып, оны қағазға түсіре білген баспасөз адамдарын мен, көзіңше айтты деме, дана дер едім. Олар жазғандарымен өз халқын басқа елге данакемеңгер етіп көрсетеді. Онысы кейінгі ұрпаққа да тәрбие.

– Ұлылықтың белгісі – әлсізді қолдау. Ұлылықтың да, күштіліктің де белгісі – адалдық, шырағым!

Е-е, абайлап жүріп, анық басып, аузыңнан шыққан әр сөзіңді айтпас бұрын, оны сана саңылауынан өткізіп сөйлесе кәні!

"Жамандық келсе қолыңнан дұшпаныңа жасама, ол да бір күні дос болар". Жалпы, інім, адам баласына қастық, дұшпандық ойлама, ондайлардың сазайын бір Алла беретінін тоқсан жыл өмірімде көріп жүрмін. Құдайдың құдіреттілігі де сонда – ол пенделеріне тек жақсылық жасап, ізгілікті ғана талап етеді.

– Ең өкінішті өмір – дүниеқоңыздың өмірі. Дүниеқоңыздың қарыны тойғанымен, ешуақытта көзі тоймайды. Ондай адам мағыналы өмір сүре алмайды. Ондайлар ұрлықтан, зорлық-зомбылықтан басқаны білмейді, білуі де мүмкін емес.

– Менің қорқатыным екі-ақ нәрсе. Біріншісі, Алланың ақ жолынан тайсам, екіншісі – бір қателік жасасам. Міне, осы екі жолдан таймауға, адаспауға, қателігімді түзегенше тыншу таппай ұрыну менің басты қағидам болып келді, бола да бермек.

Адамдар арасында ең бастысы бірін-бірі сыйлау мен сағыну жетіспейді. Адам баласындағы ең үлкен қасиет – өмірін берекелі етіп, мағыналы етіп өткізу үшін бірін-бірі сағына, сағындыра білуі керек. Ол жоқ жерде аталы сөз сөйлейтін ұл, өнегелі ана болатын қыз өсіре алмаймыз. Ал, аталы сөз сөйлейтін ұлы, өнегелі ана болатын қызы жоқ болса, ол елден не үміт күтуге болады?!

– Ақылы бар адамның ақылы көбіне ұйықтап жатады. Оны данышпан – даналардың жақсы айтылған сөзі, не біреудің зорлық-зомбылығы оятады. Өмірде кейбір елеусіз адамдардың пікірі үлкен даналардың пікірімен сәйкес келетіні де бар.

Ол аз тыныстап алды да:

– Өмір дегеніміз – адамдардың өзін әлде бір алданышпен өткізетін ұзақ әрі қысқа уақыты ғана сияқты болып көрінеді маған. Мәселен, біреуге қорасындағы малы, келесі біреуге әупірімдеп әрең жеткен қызметі, ал тағы біреуге жас тоқалы мен ұрлап-жырлап, жиған-тапқан байлығы – ақшасы алданыш.

Әл-Қайс деген ғұламаның:

– Өресі биік тұлғаларды алдыңғы қатарға шығара алмаған және солардың ақыл-ойы мен талантының игілігін пайдаланып, жемісін тұтына алмаған қоғам ауыр дағдарысқа ұшырайды деген сөзі, сені білмеймін, маған біраз ой салады.

– Өмір дегеніміз – адамдардың өзін әлде бір алданышпен өткізетін ұзақ әрі қысқа уақыты ғана сияқты болып көрінеді маған. Мәселен, біреуге қорасындағы малы, келесі біреуге әупірімдеп әрең жеткен қызметі, ал тағы біреуге жас тоқалы мен ұрлап-жырлап, жиған тапқан байлығы – ақшасы алданыш.

Шоқан Сақұлақ шешенге былай сұрақ беріпті:

– Біреу жолдан адасса, кімнен ақыл сұрайды?

– Көнеден сұрайды.

– Көне адасса ше?

– Көптен сұрайды.

– Көп адасса ше?

– Көп оқығаннан сұрайды.

– Көп оқыған адасса ше?

– Көп оқыған неге адассын!

Сонда айналып келгенде оқуы-тоқуы көп, білімдар, алысты болжайтын кемеңгер дана ғана адаспайды дегені емес пе?

Ал бірақ баста жорғалауға жаралған жан ұшпайтыны белгілі ғой.

Өзегіңді өкініштің уымен күйдіргің келмесе, құдайды құлай сүюден, өз-өзіңді сынай сүюден ажырап қалма, қарағым!

Ол орнынан баяу, тәлтіректей тұрмақ болып жатқанда мен қолтығынан демей бердім.

– Бүгінге осы да жетер, – деді ол.

Қартайып, қайраты қайтты дегенмен, әлі тың ақсақалдың артынан аңтарыла қарап, ол айтқан жаңағы асыл сөздерді зердеме, сана-ма сіңіргенше тұңғиық ойға беріліп тұрып қалыппын.

Сайлау БОТАБАЕВ,
медицина саласының ардагері.

СҰРАНЫСТЫ СҰХБАТ

АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІ: ДАМУДЫҢ ЖАҢА КӨКЖИЕГІ АЙҚЫНДАЛДЫ

Газет тілшісінің Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясының басшысы Бақыт Нұртазаевпен әңгімесіне агроөнеркәсіп кешенін дамытудың өзекті мәселелері арқау болады.

– Бақыт Әбдіғаппарұлы, сіз басқарған инспекцияға бүгінгі таңда мемлекет тарапынан жүктелген міндеттің ауқымы өте күрделі. Айталық, осыдан біршама уақыт бұрын Елбасының тапсырмасы бойынша Үкімет Қазақстанның ауыл шаруашылығы өндірісінің өнімдерін экспорттау, оның ішінде ет бағытындағы мал өсіру, өнімділігін ұлғайту бағытында көптеген іс-шаралар кешенін қабылдады. Әлбетте, біз олардың қатарында мемлекеттік "Сыбаға" бағдарламасының мүмкіндігін ерекше атап өткіміз келеді. Сонымен, біздің облыста ет және сүт бағытындағы ірі қара малын өсіру, олардың тұқымын асылдандыру қандай деңгейде жүргізіліп жатыр?

– Мемлекет басшысы өзінің 2012 жылғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында еліміздің агроөнеркәсіп кешеніндегі әлеуетіміздің мол екенін айтып, осыған орай атқарушы билік алдында келелі міндеттер белгілеген еді. Шындығында, Елбасы бұл мүмкіндіктерді нақты жағдайымызды ескере отырып, барлығын елеп-екшеп сараптан өткізіп барып шешім қабылдағаны айқындалып отыр. Қазақстан жерасты шикізатына ғана бай ел емес, бізде ауыл өндірісін өркениет үлгісімен дамытуға айрықша мүмкіндіктер бар. Міне, бүгінгі таңда еліміздің барлық аймақтарында қолға алынып жатқан ауқымды шаралар осы сөзімізге айқын дәлел бола алады.



Облыстағы атқарылып жатқан шараларға тоқталайын. 2014 жылдың 1 қаңтарына статистикалық есеп бойынша облыста 240769 бас мүйізді ірі қара, оның ішінде 107713 бас аналық сиыр, 581210 бас қой мен ешкі, 75194 бас жылқы, 33350 бас түйе малы тіркелген.

2012 жылдан бастап бұрынғы асыл тұқымды шаруашылық мәртебесі бар мүйізді ірі қара шаруашылықтары республикалық палаталарға ет және сүт бағыттары бойынша біріктірілді. Атап айтқанда, мүйізді ірі қара малынан бүгінгі таңда республикалық палатаға кірген ет бағытында 4 шаруашылық ("Берекет", "Несібе", "Ықылас", "Бақытжан") және сүт бағытында 4 шаруашылықта ("Мырзабай", "РЗА", "Шиелі-Авангард", "Шөгірлі") барлығы 3556 бас сиыр малы бар. Бұлардың облыстағы барлық мүйізді ірі қара санына шаққандағы үлес салмағы 1,5 пайыз, асыл тұқымды 6 қаракөл қойын өсіретін шаруашылықтарда 17936 бас – 4,2 пайыз (оның біреуі Сұрқандария сұр қойын өсіретін шаруашылық), 7 – жылқы шаруашылығында 3250 бас, асыл тұқымды тұқымдық үлес салмағы 4,1 пайыз, оның ішінде (біреуі Мұғалджар тұқымды – Құланды типті жылқысы, алтауы қазақтың жабы жылқысы), 8 – түйе малын өсіруші, оның ішінде 1 аруана тұқымды түйе малын өсіруші шаруашылықтардағы мал басы 2682 бас, асыл тұқымдық үлес салмағы 6,5 пайызды құрайды.

"Сыбаға" бағдарламасына сәйкес 2011-2015 жылдары облыста 5000 басқа арналған 2 бордақылау алаңы, 2700 басқа арналған 2 өсіріп таратушы (репродуктор), жалпы аналық мал басы 7100 басқа жететін 80 фермерлік шаруашылық құрылуы тиіс.

Селекциялық тұқым жаңарту жұмыстарына барлығы 318 мүйізді ірі қара шаруашылығы тартылды, аналық мал басы – 19352, оның ішінде субсидиялауға жататын аналық мал басы 16305-ті құрайды. Тұқым жаңартуға қатысушы мүйізді ірі қара малының облыстағы барлық аналық мал басына шаққандағы үлес салмағы – 15,1 пайыз, республикада бұл көрсеткіш 17,2 пайызды құрап отыр.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 желтоқсандағы қаулысына сәйкес аудандық аумақтық инспекциясының мал тұқымын асылдандыру жөніндегі инспекторларының тексеру қорытындысымен 21 шаруашылық асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілерінің республикалық тізбесіне енгізілді. Ал қалған асыл тұқымды шаруашылықтар және асыл тұқымды шаруашылық мәртебесін алуға жаңадан үміткер институттарымен келісім-шартқа отырып, мал тұқымын асылдандыру жұмыстарының құжаттары дайындалуда.

Алдағы уақытта "Сыбаға" бағдарламасы арқылы мүйізді ірі қара шаруашылығында тұқым жаңарту жұмыстарына қатысушы шаруашылықтар санын көбейту, асыл тұқымды шаруашылық қатарына өтуге үміткер шаруашылықтардың талапқа сай болуын нақты бақылау жұмыстары тұр.

Үкіметтің қаулысына сәйкес асыл тұқымды мал шаруашылығына және оның өнімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған облыс әкімінің қаулысы шығып, облысқа 950 млн. 364 мың теңге субсидия белгіленді.

"Аграрлық несие корпорациясы" арқылы үстіміздегі жылы "Сыбаға" бағдарламасынан 25 шаруашылық 200 млн. 900 мың теңге несие алды. Бұл қаржыға 1198 аналық бас және 48 бас асыл тұқымды ет бағытындағы бұқа алынды. Бүгінгі таңға облыс шаруашылықтары асыл тұқымды өнім сатып алғаны үшін және селекциялық асылдандыру жұмыстарына 38 млн. 750 мың теңге несие алды.

– Біз өзіңізге мәлім, Бүкіл дүниежүзілік сауда ұйымына өту қарсаңында тұрмыз. Оған Елбасының бастамасымен жуырда ғана Еуразиялық одақ шартына қол қойылғанын, ол өз кезегінде ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне бірқатар талаптарды алға тартып отырғанын ескеруіміз керек сияқты. Осы орайда өнім сапасы туралы не айтасыз? Оны жақсарту бағытында инспекция тарапынан қандай шаралар қолданылып жатыр?

– Дүниежүзілік рынокта бәсекенің жаңа сипат алғанын ашық мойындауымыз керек. Мұндай жанкешті бәсекеде өнімнің сапасын арттыру, сонымен бірге өнім бағасының тұтынушыға қолайлы болуының маңызы ерекше болып табылады. Цифрлардың барлығын тізбектеп жатқым келмейді. Бірақ, инспекция тарапынан тиісті тексеру жұмыстары жан-жақты жүргізілуде. Бұл тұрғыда біз Қазақстан Республикасының бірқатар заңды талаптарын басшылыққа аламыз.

Елбасы атқарушы билік алдына қойған міндеттерінде Қазақстанның астықты экспорттауға әлеуетінің мол екенін бірнеше рет атап көрсетті. Осыған орай республиканың "Астық туралы" заңын басшылыққа алып, мемлекеттік астық инспекторлары облыс бойынша оның сақталуы мен сапасына бақылау жүргізеді. Қазір қолда бар астықтың нақтылығын анықтау мақсатында тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Қазіргі таңда облыста астық сақтау қызметімен айналысатын лицензиясы бар 5 астық сақтау кәсіпорны жұмыс істейді. Облыс бойынша астық сақтау кәсіпорындары мен ауылшаруашылық тауар өндірушілерінің қолында 40 мың тоннадан астам астық бар, оның негізін күріш құрайды.

Астық сапасы сертификатының берілу тәртібінің сәйкестігі үнемі бақыланып отырылады. Қазіргі таңда облыстағы аккредиттелген астық сараптау жөніндегі зертханалар 2014 жылдың алғашқы тоқсанында Қызылорда филиалы бойынша 17,5 мың тонна күріш өніміне сапа сертификатын берді. Қалай дегенде де, Қазақстан Республикасында Қызылорда облысы күріш өндіретін бірден-бір аймақ қатарына жатады. Біз тіпті, кеше ғана шартқа қойылған Еуразиялық экономикалық одақ аясында да күрішті әріптес елдерге экспорттауға мүмкіндігіміз мол. Егер облыс халқының 40 пайызы ауыл шаруашылығы өндірісін өндіретін аймақта тұрып жатқанын ескерсек, күріш өндірісінің өнімділігін, сапасын арттыру барынша маңызды болып табылады.

– Сауалдан сауал туындайды. Сапа жөнінде әңгіме қозғалғандықтан біз ауыл шаруашылығы дақылдарының зиянкестеріне қарсы тиімді күрес жүргізу мәселесінен айналып өте алмаймыз. Ал, бұл сіздердің инспекцияға жүктелген міндеттердің басты буыны болып саналады. Сонымен өсімдіктердің зиянкестеріне қарсы күрес қалай жүргізілуде?

– Облыс бойынша 2014 жылы ауыл шаруашылығы дақылдарының зиянды және ерекше қауіпті зиянды организмдеріне қарсы мониторингтік жұмыстары 2952,45 мың гектар жерге, оның ішінде ерекше қауіпті шегіртке зиянкесіне қарсы – 2671,9 мың гектар, ерекше қауіпті саршұнақ, тышқан тәріздес және колорадо қоңызы зиянкестеріне 113,05 мың гектар және де басқа да зиянкестерге қарсы 113,0 мың гектар, армшөптерге 24,5 мың гектар, өсімдік ауруларына қарсы 30 мың гектар жерге жүргізілуде.

Облыс бойынша 2014 жылы ерекше қауіпті шегіртке зиянкестеріне қарсы 158,98 мың гектар жерге химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізу межеленген. Зиянды және ерекше қауіпті зиянды организмдерге қарсы мониторинг жұмыстарына "Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдау әдістемелік орталығы" Қызылорда облыстық және аудандық филиалдардан 28 маман, 9 зерттеуші және 19 автокөлік жұмысқа тартылып отыр.

Осы мақсатқа, ерекше қауіпті шегіртке зиянкестеріне қарсы фитосанитариялық күрес іс-шараларын жүргізуге республикалық бюджеттен 115,1 млн. теңге қаржы бөлінді.

Сонымен бірге, осы фитосанитариялық іс-шараларын жүргізуге ҚР АШМ АӨК мемлекеттік инспекция комитеті мен орындаушылар арасында жасалған екіжақты келісім-шарттары бойынша 96,7 млн. теңге қаржыға химиялық өңдеу жұмыстары жүргізіледі.

Сонымен бірге облыс бойынша ерекше қауіпті шегіртке зиянкесіне қарсы және 4 аса жеңіл ұшақтармен химиялық өңдеу жұмыстары жүргізілуде.

Химиялық өңдеу көлемдеріне қарай бөлінген инсектицидтер жөнелтпе құжаттар арқылы барлық аудандарға толығымен жеткізіліп берілді.

Облыстық аумақтық инспекция, облыстық, аудандық (қалалық) аумақтық инспекцияларында, облыс көлемінде қолайлы фитосанитариялық ахуалды қамтамасыз ету және ерекше қауіпті зиянды организмдер мен карантиндік объектілерге қарсы фитосанитариялық іс-шараларды уақытылы, тиімді жүргізу шараларын жедел түрде орындау мақсатында штабтар жасақталды.

Италиялық прус зиянкестеріне қарсы мониторинг жұмыстары облыстың барлық аудандарында жүргізілуде. Дернәсілдердің басым бөлігі облыстың солтүстігіндегі Арал, Қазалы аудандарында тіркелді. Мониторинг жұмыстары жоспарланған 610,0 мың гектардың 302,0 мың гектарына зерттеу жұмыстары жүргізілді. Осы көлемнің 63 мың гектардан астамы залалданғаны анықталды. Бүгінгі күнге химиялық өңдеу жұмыстары 43,3 мың гектар жер көлемінде атқарылып отыр.

Фитономус дернәсіліне қарсы тексеру жұмыстары барлық аудандарда толығымен жүргізілді. Фитономус дернәсілдеріне қарсы 8,455 мың гектар жер көлемінде жүргізіліп, залалданған көлем 5 мың гектарды құрады. Оларға қарсы шаруашылықтарда өз күштерімен химиялық өңдеу жұмыстары жүргізілді. Жаңақорған ауданы бойынша 244 гектар жоңышқалыққа жеке кәсіпкер "Алтынбаев" арнайы жер агрегатымен жүргізсе, Сырдария ауданы бойынша 1595 гектар және Жалағаш ауданы бойынша 309 гектар жерге шаруашылықтармен екіжақты келісім-шарт жасау арқылы АҚ "Азия континенталь", «АгроСла» ЖШС және "Дельта Юг" ЖШС химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізді.

Ауыл шаруашылығы кешені қазіргі таңда аса жауапты кезеңнің қарсаңында тұр. Дүниежүзілік ауқымды рынокта бәсекеге төтеп беру арқылы ауыл өндірісінің әлеуетін көтеруге біздің аймақ дамуының келешек көкжиегін айқындайды.

Бұл бағыттағы міндеттерді тиімді шешуге аумақтық инспекция өзінің лайықты үлесін қосатын болады.

Әңгімелескен
Жолдасбек
АҚСАҚАЛҰЛЫ.

Сенбі, 12 шілде, 2014 жыл
12
ҚҰЖАТ
СБ
www.syrboyi.kz

Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы 21 мамырдағы №591 қаулысы

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде
27.06.2014 жылы № 4712 тіркелген

Автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

«Халықаралық техникалық байқау сертификатын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

«Жолаушыларды облысаралық қалааралық, ауданаралық (облысішілік қалааралық) және халықаралық қатынастарда автобустармен, шағын автобустармен тұрақты емес тасымалдау, сондай-ақ жолаушыларды халықаралық қатынаста автобустармен, шағын автобустармен тұрақты тасымалдау жөніндегі қызметпен айналысу үшін лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Н.Н.Әлібаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі, бірақ «Автомобиль көлігі саласында мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 26 наурыздағы №265 қаулысы қолданысқа енгізілгеннен бұрын емес.

Қызылорда облысының әкімі **Қ. КӨШЕРБАЕВ.**

Қызылорда облысы әкімдігінің
2014 жылғы «21» мамырдағы № 591 қаулысымен
бекітілген

«Халықаралық техникалық байқау сертификатын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Қызмет берушінің атауы: облыстың жергілікті атқарушы органы («Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесі) (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)).

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға өтініштерді қабылдау:

1) «Халыққа қызмет көрсету орталығы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қызылорда облысы бойынша филиалы, оның бөлімдері мен бөлімшелері (бұдан әрі – Орталық);

2) «электрондық үкіметтің» www.e.gov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру Орталық арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – халықаралық техникалық байқау сертификаты (бұдан әрі - сертификат) қағаз түрінде не мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беруден бас тарту туралы жазбаша дәлелді жауап қағаз және (немесе) электрондық түрде (бұдан әрі – бас тарту).

4. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі.

